

● БІЛІМ



Робот техникасы – заман талабы

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Қостанай қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде робот техникалары олимпиадасының қалалық мектептері арасындағы аймақтық кезеңі өтті.

Іс-шара оқушылар арасында ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту, жоғары технология және инновация саласына қызығушылықты арттыру, болашақ мамандықты таңдаудағы пәнаралық байланысты нығайту, дамыту мақсатында ұйымдастырылған. Жалпы, Қостанай қаласы бойынша өткізілетін

байқауға сайыс қожайындарынан бөлек, Қостанай, Рудный қалаларының мектептері де бір-бір командадан алып келді.

СУРЕТТЕ: сайысқа қатысушылар.
Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

4-бет

● ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Енді екі аптадасын кезекті жылу маусымы басталады. Алда "азуын айға білеген" алты ай қыс тұр. Сондықтан, оған күні бұрын қамданбаса болмайды. Бұл жылдағы қалыптасқан дәстүр. Өңірдің алдағы қысқа әзірлігі қандай? Неден ұттық, неден ұтылды? Жылу маусымына дайындық барысының ахуалы нешік? Қанша жерден жылда қайталанатын жағдай ғой десек те, қыстың аты қыс. Облыс әкімі А.Мұхамбетовтың қатысуымен өткен кеңейтілген мәжілісте науқанға әзірлік жұмыстары жан-жақты талқыланды.



4-бет

шіпажайы
Джайлау
санаторий

10-күнге
жолдама
«Алтын күз»
акциясы

ЕМДЕУ:

- жүйке жүйесі
- бронхы-өкпе жүйесі
- жүрек-қан тамырлары жүйесі
- тірек-қимыл аппараты
- асқазан-ішек жолдары

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ 63 000 ТЕНГЕ

ДЕМАЛУШЫЛАРҒА 70 000 ТЕНГЕ

10 жолдама алсаңыз + 1 жолдама сыйлыққа

Акцияның өтетін уақыты 01.09.2016 ж. бастап 30.11.2016 ж. дейін

www.jailau.kz

8 (7142) 522-101, 56-06-10
56-24-71, 8 701-532-50-51

100
80
60
40

100
80
60
40

100
80
60
40

100
80
60
40

Синий
Красный
Жасыл
Черный

● ҰЛТ-АЗАТТЫҚ

КӨТЕРІЛІСІНЕ – 100 ЖЫЛ

Тәуелсіздіктің
тарихы тереңде

Құрметті жерлестер!
Қазақ хандығының 550 жылдық тарихынан бастау алып, тәуелсіздікті аңсаған халқымыздың өткен жолын саралағанда, осыдан 100 жыл бұрын Торғай даласында болған ұлт-азаттық көтерілістің орны ерекше. Сол кезеңде туындаған ұлттық кемсітушілікке қарсы тұрып, өзінің құқығын биліктен талап еткен қазақ халқы, еліміздің барлық жерінде бас көтергенін білеміз, оның ішінде Торғай көтерілісі жеңіліске ұшырамай Қазан төңкерісіне жалғасып, өмір сүріп отырған дәуірдің түп-тамырымен өзгеріске ұшырауына негізгі себепкер болды. Ал, ұлт-азаттық көтерілістің көшбасшылары Әбдіғапар, Аманкелді мен Кейкілер азаттық жолындағы күреске Торғай аймағының халқын топтастыра отырып, отаршыл патша саясатына тойтарыс берді. Бұл, ұлт-азаттық көтеріліс – тәуелсіздікті аңсаған халықтың алғашқы бұлқыныстарының бірі еді.



Көтерілістен кейінгі 100 жыл аралықта елімізде дәуір алмасып, қазақ халқы жаппай сауаттылық, теңдік пен әділділікке жету үшін асқаралы еңбек пен күрес жолында шыңдалды. Тек, осыдан ширек ғасыр бұрын ғана халқымыз, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне қол жеткізді. Ал, оған біздің аталарымыздың ұлт-азаттық көтерілісі кезінде жасаған жанкештілік ерліктері себепкер болғаны ақиқат. Ал, кейінгі ұрпақтың қасиетті міндеті, сол жылдардағы аталар ерлігін, олардың ұстанған ұраны, төккен қаны мен терін дәріптей отырып, тарих сабақтастығына жалғастыру.

Бүгінгі біздің алдымызда тұрған арманымыз – Мәңгілік Ел болу, ол үшін Ұлт Жоспары – 100 нақты қадамда аталып көрсетілген біртектілік пен бірлікті нығайту болып табылады. Осыдан 100 жыл бұрын болған ұлт-азаттық көтерілістің негізгі мақсаты – тәуелсіздікке қол жеткізу болса, біздің мақсатымыз оны қорғай білу. Азаттық жолында жанын пиде еткен аталарымыздың ерен ерліктері бізге үлгі және олардың армандарын іс жүзіне асыру кейінгі ұрпаққа парыз.

Сіздерді Ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Отбастарыңызда баянды бақыт пен береке-бірлік болуына тілектеспін. Тәуелсіздік тұғырын нығайту үшін жасайтын еңбектеріңіз еселене берсін!

Амантай БАЛҒАРИН,
Арқалық қаласының әкімі.

Көрмеге қосар
үлес қомақтыКенже
ҚОНЫСБАЙ

Әлем назарын Қазақстанға аударатын ауқымды жобалардың бірі, әрине, ол – "ЕХРО-2017" көрмесі. Астанада өтетін тарихи оқиғаға Қазақстанның барлық облысы барынша атсалысып, ел мерейін асқақтатқаны сөзсіз. Осы орайда, еліміздің әр өңірі түрлі жобалардың тұсауын кесіп келеді.

"Нұр Отан" партиясының Қостанай облысындағы филиалының "Жас Отан" жастар қанаты өңірдегі бірқатар қалалар мен аудандарды аралап, "ЕХРО-2017" көрмесінің бастау алғаны туралы насихат жұмыстарын жүргізбек. Бұл туралы тілшілермен өткен брифингте "Жас Отан" жастар қанатының төрағасы Ерлан Төлетаев хабарлады.

– Ел тарихында қалатын ең елеулі оқиғалардың біріне аз да болса өз үлесімізді қосқымыз келеді. ЕХРО – әлемдік деңгейдегі жоба. Бұл кез келген елде өте бермейді. Сондықтан, барша Қазақстан халқы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ауызбіршілік көрсетсе екен. "Жас Отан" жастар қанаты қазіргі таңда еріктілерді жинауда. Жоғарғы сынып оқушылары мен ЖОО-ның студенттері қолға алған жобаларды жүзеге асыруда көп көмек көрсетеді. Бүгіндері белсенді жастар қатары жетерлік. Бәріміз бірігіп, облыстық өнертапқыштар байқауын өткізсек пе деген ойымыз бар. "ЕХРО-2017" көрмесінің аясында өз таланттарымызды табуға тырысамыз. Астанада өтетін көрме балама қуат көздеріне бағытталған. "Болашақтың энергиясы" деген тақырыппен өрбүде. Біз ұйымдастырғалы отырған сайыс та осы негізде болмақ, – дейді Е.Төлетаев.

Сондай-ақ, айтулы ұйым Ішкі саясат басқармасымен тізе қосып, Қостанай облысындағы қала-аудандарды араламақ. Мақсат – "ЕХРО-2017" көрмесі туралы қалың бұқараға хабар жеткізу. Бұл турға облыстағы БАҚ өкілдері шақыртылады. Әзірге Рудный, Лисаков, Жітіқара қалаларына жол жүру жоспарланып отыр. Алдағы уақытта бұл тізім толығымен түседі. Сапар барысында жол бойындағы елді мекендерге де аялдайды.

● "ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – 2020"

Жауапкершілік
бәрінен жоғарыӘлібек
ЫБЫРАЙ

Облыста "Жұмыспен қамту – 2020" бағдарламасы қарқынды жүзеге асып жатыр. Индустриаландыру картасының арқасында бірқатар жаңа өндіріс ошақтары ашылды. Мұның сыртында құрылыс саласы ілгерілей бастады. Бұл халықты тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге едәуір септігін тигізеді. Дегенмен, жергілікті жерлерде бұл мәселеге аса мән берілмейтіндігі басы ашық ақиқат. Мұны облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтың өзі айтып отыр.

– Бұған төзу мүмкін емес. "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасы арқылы қыруар қаржы бөлінеді. Ендеше, осыны тиімді жұмсау маңызды. Ең бірінші халыққа жұмыс тауып беруіміз керек. Ал біздегі жағдай керісінше. Кейбіреулер көзбояушылыққа салынады. Құрылыс нысандарын аралаған кезде осынша адам жұмысқа тұрғызылды дейді. Артынша сол жерге тексерушілерді жіберсем, екі немесе үш адамның жұмыстан қысқартылғанын естимін. Мұны доғару керек!

Өңір басшысы жиын барысында өз істеріне немқұрайлы қарайтын мердігерлерді қатты сынға алды. Аудан басшыларына да жауапкершіліктен құтылмайтындығын айтты.

– Үстіміздегі жылы пайдалануға берілуге тиісті алты құрылыс

нысаны әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Оларға бөлінген ақша да аз емес. Мәселен, Қамысты, Алтынсарин, Қарабалық аудандарындағы бірқатар мәдениет, білім ошақтарының құрылыс жұмыстары белгіленген кестеден көп қалып қойған, – дейді облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гүлнар Әбенова.

Облыс басшысы мемлекет әлеуметтік саланы дамытуға қаржы аямай отырғанда, істі жүргізуге бұлай немқұрайлы қарауға жол бермеу керектігін баса айтты.

– Отыз жылдан бері алғаш рет осынша қаржы бөлінгенде, оны мақсатты жұмсай алмай отырғанымыз ұят. Құрылыс нысандарының күн сайын барып, бақылап тұру қажет. Әйтпесе, жұмыс

ілгерілемейді, – деп ескертті облыс әкімі аудан басшыларына, – Бұған бәріңізде жауаптысыздар. Егер осындай жағдай орын алып жатса, онда тиісті жазаға тартатын боламыз.

Архимед Мұхамбетов бірнеше аудан әкімдерін орындарынан тұрғызды. Олардың сөздерінше, бар кінә теңдерді жеңіп алған жауапсыз мердігерлердің өздерінде көрінеді.

– Бізде жол жөндеуге қатысты өткен теңдерді шымыкенттік фирма жеңіп алған. Солармен келісім-шартқа отырдық. Бірақ, әлгі фирма өкілдері ауданға бірде-бір рет ат ізін салған емес. Сондықтан, қайтадан теңдер жарияладық, – дейді Қарабалық ауданының әкімі Қанат Абдуллин. Қамысты ауданының әкімі Жаңабай Бейсембаев та осы тақылтес жағдайды баяндады.

– Бұлай әрекет етуге болмайды. Нарықтан өзге бәсекелестерін ығыстырып шығарған қайдағы бір компания келеді де ойна келгенін істейді. Бұдан олардың түгі кетпейді. Екі ортада жауап беретін сіздер. Сондықтан, өртерек қимылдаған жөн, – деп ескертті А.Мұхамбетов.

Облыс басшысы, "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес бөлінген қаржының игерілуін тікелей өзі қадағалайтынын айтты.

● ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

Тақырып таңдалды

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

"Қостанай облысының "Грин" Азаматтық Альянсы" облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша ҚР Президентінің жыл сайынғы Жолдауы аясында қоғамдық тыңдау өткізді. Тірек тақырып – "Басым бағыттардың шеңберінде іс-шаралар кешенін құру". "Грин" төрайымы Динара Өтебаеваның айтуынша, жобаның негізгі мақсаты – тиімді формалар мен жұмыс әдістерін пайдалана отырып аймақтарда Жолдауды жалпы насихаттау мен түсіндіру. Сондай-ақ, кешенді іс-шаралар туралы ақпарат тарататын болады. Жаңа экономикалық саясаттың басымдығы – барлық салалар үшін Қазақстан экономикасының инфрақұрылымдарын дамытудың алғышарттарын қалыптастыру.

Қоғамдық тыңдау кезінде беделді сарапшылар, шығармашыл зиялы қауым, көшбасшы жастар іріктеліп, насихат тобының құрамы бекітілді. Сарапшы топ "Тобыл-Тоғай тұлғалары" виртуалды

мұражайына да аймақтардан тың деректер жинақтамақ.

СУРЕТТЕ: қоғамдық тыңдаудан көрініс.

Пырақтар тұғырға қонды

Қостанайдағы Таран көшесі арқылы Тобыл өзені үстімен өтетін үлкен көпірдің бергі бетіне қанатты тұлпардың қоладан жасалған төрт бірдей мүсіні орнатылуда. Жалпы, көпір құрылысы біткен соң пырақтардың тұғырға қондырылатыны туралы маусым айында-ақ мәлім болып, қалалық әкімдіктің ТКШ бөлімі үздік нобай үшін байқау өткізген еді. Байқау нәтижесінде "Балқыту" ЖШС-нің ұсынысы ең лайықты деп танылды. Мемлекеттік сатып алу құны – 86 млн. теңгеден астам.

Қазір мамандар жұмысқа кіріскен. Бетоннан құйылып, гранитпен қапталған іргетастың биіктігі – 2,5 м, ал пырақ мүсінінің биіктігі – 3,7 метр. Айта кету керек, қанатты тұлпардың төртеуі де қоладан жасалып қана қоймай, алтынмен жалатылған.

Ж.БАЛҒЫНБЕКҰЛЫ.





ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

Қызметтер топтамасына қосыл да, модемді ТЕГІН ал!

Қостанай облыстық телекоммуникация дирекциясы ағымдағы жылдың 15 тамызынан 31 қазанға дейін "Модем сыйлыққа" акциясының өтетіндігін хабарлайды.

Аламыш акция аясында клиенттерге "Қазақтелеком" АҚ ұсынған қызметтер топтамасына қосылып, тегін модем алудың бірегей мүмкіндігі беріледі.

Барлық отбасы мүшелерінің көңілінен шығатын заманауи қызметтердің тұтынушысы болуға асығыңыз! Шектеусіз интернет, сандық үлгідегі 100-ден астам телеарна, үздік телехикаялардың бірегей жиынтығы, караоке, Қазақстан бойынша қалалық нөмірлерге және Алтөл ұялы байланыс нөмірлеріне тегін сөйлесулер беріледі.

Модемдер санының шектеулі екендігін ескертеміз.

Қызметтер топтамасы мен "Модем сыйлыққа"



акциясы туралы толық ақпаратты "Қазақтелеком" АҚ Қостанай облысы бойынша бөлімшелерінен немесе 160 нөміріне хабарласып білуге болады.

● МӘДЕНИЕТ

"Ұлттық музейге сый тарту"

акция Қостанайда жалғасын таппақ

"Кез-келген мұра музейде сақталуы керек". Осындай қағиданы ұстанған Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі 2015 жылғы 18 наурызда "Ұлттық музейге сый тарту" атты акция бастаған болатын. Акцияның негізгі мақсаты – ұлттық тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау мәселесіне қоғам назарын аударып, ел ішінде елеусіз жатқан тарихи маңызы зор құнды заттарды, ұлтымыздың ірі тұлғаларының жәдігерлерін кәсіби тұрғыда сақтау және көпшілік назарына ұсыну үшін Ұлттық музейге тапсыруға үндеу болып табылады.

Осындай игі бастаманың арқасында Қазақстанның әр аймағында тұрғындардың жеке қорында сақтаулы тұрған құнды дүниелерді бір орталыққа – Ұлттық музейге топтастыру мүмкіндігі бар. Нәтижесінде баға жетпес байлықпен пара-пар жәдігерлеріміздің ғасырдан ғасырға бүлінбей, аман жетуіне барынша жағдай жасай аламыз. "Ұлттық музейге сый тарту" акциясы басталған тұста Ұлттық музей директоры Дархан Мыңбай да осы мәселе турасында: "Музейге тапсырылған зат ауа, ылғал, шаң-тозаң, күннің көзі, электр жарығы секілді шіруге, бүлінуге, жойылуға ықпал ететін құбылыстардың бәрінен сақтандырылады. Арнайы күтімдегі жәдігер ұрпақтан ұрпаққа жетеді", – деп айтқан болатын.

Астанада бастау алған акция Алматы, Қызылорда, Ақтөбе, Шымкент қалаларында да ұйымдастырылды. Бүгінде аталған шара нәтижесінде Ұлттық музейдің қорына Кенен Әзірбаевтың домбырасы мен кемер белдігі, Қасым Қайсеновтің кездігі, Шәмші Қалдаяқовтың күлсалғышы, Жүмекен Нәжімеденовтің партисгары мен дипломаты, Жұмабек Тәшеновтің дипломатиялық төлқұжаты мен орден-



дері, Қадыр Мырзалиевтің қаламсабы мен қолсағаты, Жақсылық Үшкемпіровтің медальдары мен жарыстарға киген киімдері, т.б. көптеген жәдігерлер музейге табыс етілді. Бұл біздің қорға сақтауға берілген құнды экспонаттардың бір шегі ғана. Былтыр Алматы қаласында өткен "Ұлттық музейге сый тарту" акциясына Илияс Жансүгіров, Тахауи Ахтанов, Қаныш Сәтбаев, Өзбекәлі Жәнібеков, Әлкей Марғұлан, Серке Қожамқұлов, Әзілхан Нұршайықов, Еркеғали Рахмадиев, Ғарифолла Құрманғалиев, Кәукен Кенжетәев сынды ұлтымыздың біртуар перзенттерінің ұрпақтары мен туған-туыстары қатысып, олардың көзі тірісінде қолданған құнды жәдігерлерін Ұлттық музейге сыйлаған болатын. Ал биыл маусым айында Шымкент қаласында өткен акцияға барынша атсалысқан оңтүстіктің халқы Ұлттық музейге 300-ден астам құнды жәдігер тарту етті. Акция кезінде қобызшы, қорқыттанушы Мұсабек Жарқынбековтің жалпы саны 90-ға жуық құнды мұрасын ғалымның жары

Еркінай Исабаева Ұлттық музейге табыстады. Осы сияқты, ақтөбеліктер мен сыр өңірінің де музейге тарту өткен жәдігерлері аз болған жоқ. Бүгінгі күнге дейін "Ұлттық музейге сый тарту" акциясының нәтижесінде 2000-нан аса экспонат музей қорына өткізілген.

Еліміздің барлық өңірлерінен қолдау тапқан "Ұлттық музейге сый тарту" акциясы өндігі кезекте қыркүйек айының аяғында Қостанай өңіріне ат басын бұрып отыр. Тобыл өңірінде ұлтымыздың тарихында елеулі орын алатын танымал тұлғалардың талайы дүниеге келді. Сондықтан Қостанайда ұйымдастырылатын акцияның да нәтижелі болары анық. Қостанай облысы тұрғындарының аталған шараны қолдап, атсалысуының нәтижесінде, қазақ даласында алғаш мектепті ашқан ағартушы, ұстаз Ыбырай Алтынсарин, ақын-жазушылар Бейімбет Майлин, Фафу Қайырбеков, Міржақып Дулатұлы, сахна саңлақтары Елубай Өмірзақов, Әбілахат Есбаев, оқу-ағарту ісінің үздіктері Біләл Аспандияров, Мұхтар Мурзин, академик Манаш Қозыбаев сынды танымал тұлғалардың өмірі мен еңбек жолынан, шығармашылығынан сыр шертетін жаңа жәдігерлер табылып, Ұлттық музейге тарту етіліп жатса нұр үстіне нұр болар еді. Еліміздің, ұлтымыздың тарихы үшін құнды болып табылатын құжаттар мен экспонаттардың музейге табыстырылып, кешегі күннің куәсі ретінде сенімді қолда сақталғаны абзал. Осы орайда барша қостанайлықтар мен қала қонақтарын "Ұлттық музейге сый тарту" акциясынан қалыс қалмауға шақырамыз.

Досжан ЫСҚАҚ,
Ұлттық музейдің
жұртшылықпен байланыс
жөніндегі маманы.

Тобыл - Торғай ТЫНЫСЫ

Рухқа – тағзым

Аманкелді. Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына орай аудан халқы халық батырлары Кейкі батырдың бейіті мен Аманкелді Имановтың туып өскен жеріне (қазіргі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы) және сүйегі алғаш қойылған бейітке барып, құран бағыштап, ескерткіш тақталарды сырлап, шағын жөндеу жұмыстарын жасады.

Келер апта жылы болады

Облыс. Өңір қазір аптаға дейін созылатын циклон ықпалында. Ол облысқа жауын-шашын мен екпінді жел алып келді. Бұлтты, салқын және жауынды ауа райы апта соңына дейін жалғасады. Ауа температурасы күндіз 12-17, кей аймақтарда 20 градусқа дейін жылиды. Түнде сынап бағаны 10-13-ті көрсетеді. Синоптиктер келесі аптадан бастап күннің жылынаынын жорамалдап отыр.

Төсегінде оянбай қала жаздады

Қостанай. Қостанайдағы Тоқымашылар көшесіндегі 23-үйде шамамен 1-топтағы мүгедек өз төсегінде өртеніп кете жаздады. Ол өз еркімен пәтерді тастап шығуға мүмкіндігі болмаған. Аулаға бейберекет қойылған автокөліктер және зәулім ағаштар автосаты қоюға мүмкіндік бермеді. Сондықтан құтқарушылар есікті бұзып кірді. Дереве жалынмен күрес басталды. Пәтер иесі тысқа шығарылып, алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Өртті ауыздықтауға құтқарушылар жарты сағаттай уақыт жұмсаған. Алдын ала болжам бойынша, төтенше жағдайға төсекте жатып темекі шегу себеп болуы мүмкін.

Ресейде лисаковтық жоғалды

Лисаков. Ресей Федерациясының төртіп сақшылары із-түссіз жоғалған лисаковтықты іздестіруге кірісті. Челябин облыстық ІІД баспасөз қызметінің мәліметінше, Қазақстан тұрғыны Александр Гаршин 1-қыркүйекте Ресей шекарасына Hyundai Santa Fe маркалы көлігімен өткен. Гаршиннің жоғалғаны туралы хабарландыру "ВК" әлеуметтік желісінде пайда болған. Оны туыс-туғандары жариялаған. Олардың айтуынша, ол 1 қыркүйекте сағат 22.00-де Лисаков қаласынан шығып, Екатеринбургке бағыт алған. Ол 2-қыркүйектен бастап байланыс аясынан тыс қалған.

Көршілер мерекесі

Қостанай ауд. Заречный селосының тұрғындары осымен үшінші жыл қатарынан "Көше мерекесі – көршілер мерекесі" атты шараны өз еріктерінше ұйымдастырып келеді. "Отбасы күні" мерекесін олар тағы да ерекше атап өтті. Тимирязев көшесі тұрғындары бірігіп, дастархан жасап, көңілді сауық-сайран ұйымдастырды. Тұрғындар бұл мерекенің жалғассыз қалмайтынын айтады. Тіпті көшелерінің әнұранын жазуды жоспарлап отыр.

Аяқжол плиткасы өндіріле бастады

Жігітқара. Жоба бастамашысы Қайрат Мұқатов өткен жылы "Бизнесстің жол картасы – 2020" бағдарламасы аясында 3 млн. теңгенің гратнын алған. Өз қалтасынан үстеме 1,5 млн. теңге қосып, қажетті құрылғыларға қол жеткізген. Бұл кәсіпті бастауға Кәсіпкерлер палатасының ықпалы болғанын айтады. Өнімнің сапалылығы сол, елу жылға дейін шыдас береді. Қазір алғашқы өнімдер жергілікті жерлерде тұтыныла бастаған. Облыс көлемінде қызығушылық танытушылар қатары көбейе түскен. Республикалық нарыққа шығу мәселесі Кәсіпкерлер палатасында қаралуда.

Алып қияр

Қарабалық. Биылғы бақша жиын-теріні қарабалықтық Печенкиндер отбасына тосын сый жасады. Олар бақшасынан тауып алған алып қиярдың көлемі көпті таңдандырды. Ұзындығы – 30 сантиметр, ал салмағы – 2 келіге жуық. Мұндай көлемді көкөністі өмірлерінде алғаш рет кезіктірген бағбандар отбасы "олжаларын" жергілікті газет редакциясына апарған. Ең қызығы, "бұл алып қиярды енді не істемексіздер?" деген сұраққа отағасы: "Шамасы, бір тойып жейтін шығармыз", – деп қана жауап беріпті.

Жүзден жүйрік жеңімпаздар

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының 1-ші республикалық спартакиадасының жеңімпаздары анықталды.

Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасының 25 жылдығына орай өзінің жұмыскерлері арасында 1-ші республикалық спартакиада өткізді. Шараға 14 облыстың, Астана және Алматы қалалары филиалдарының, сондай-ақ, мемлекеттік корпорацияның орталық аппаратының 17 командасы қатысты. Футболдан бірінші орынды Қостанай облысы, волейбол мен шахмат бойынша ОҚО құрамасы, арқан тартуда Маңғыстау облысының құрамасы, эстафетада Солтүстік Қазақстан облысының құрамасы алды.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Медет Құмарғалиевтің айтуынша, өңірлік деңгейдегі ірік-теу турларында департаменттердің 18 мыңға жуық қызметкері қатысқан. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" жас және дамып келе жатқан ұйым. Ол 4 мекеменің бірігуі ар-

қылы құрылғандықтан, қазіргі уақытта ұжымның бірігуі мен ынтымақтасу қажеттілігі бар, ал спорт адамдарды жақындастырмайды ма? Бүгін тек біз ғана емес, барлық Қазақстан оған үлкен көңіл бөлуде, – деп атап өтті М.Құмарғалиев.

– "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы осы жылдың сәуірінде "Халыққа қызмет көрсету орталығы", "Зейнетақы төлеу жөніндегі орталық", "Жылжымайтын мүлік орталығы" және "Жер кадастры ғылыми-зерттеу орталығы" 4 РМК базасында құрылғандығын еске саламыз. Қазіргі уақытта мемлекеттік корпорацияда әртүрлі лауазымдарда 21 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының баспасөз қызметі.

Қоғамдық қабылдауда кеңес беріледі

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған қызметті ұйымдастыру бойынша 2016 жылға Кешенді жоспарын орындау мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті Қостанай облысының "Грин" ҚҚ Азаматтық альянсымен бірлесіп, "Азаматтық бақылау" жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Респуб-

ликасының мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және Әдеп кодексі салаларындағы заңнамаларында талаптарын орындау бойынша қоғамдық қабылдаудың ресми ашылуын өткізді.

Қоғамдық қабылдау: Қостанай қаласы, 1 май көш., 151 үй, 8а каб. мекенжайы бойынша орналасқан. Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма (сенбі, жексенбі демалыс),

сағат 09.00-18.00, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00.

Қоғамдық қабылдауда бекітілген кесте бойынша күнделікті мемлекеттік органдардың өкілдері кеңес береді. Жұмыс кестесімен Департамент және Азаматтық Альянс сайттарында, немесе Қостанай қаласы, 1 май көш., 151 үй мекенжайы бойынша орналасқан қоғамдық қабылдаудың өзінде танысуға болады.

Робот техникасы – заман талабы

Қазылардың шешімі бойынша бірінші орынды Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Темірлан Сәбитов пен Виктор Ковальчук иеленді. Сондай-ақ, Ерсұлтан Бұқарбаев пен Әлішер Муменовтер жасаған роботтар да жоғарғы бағаға ие болды.

Қостанайдағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы Абылай Қасымовтың айтуынша, "Робот техникасы" элективтік курсы бойынша мұғалімдерді оқыту 16 қалада өткізілді. Біліктілікті арттыру курстарында үш мыңға жуық информатика мұғалімдері қатысыпты.

– Мұндай сайыстар оқушының ойлау қабілетін арттыруға, техникалық ептілікті дамытуға жақсы септігін тигізеді. Бұл байқау 2004 жылдан бері өткізіліп келеді. Сайыс әр маусымда белгілі бір тақырыпта ұйымдастырылады. World Robot Olympiad – мектеп оқушылары және студенттер арасында өткізілетін робототехника бойынша Дүниежүзілік олимпиадасы. Осы жолы таңдалған тақырып – "RAP THE SCRAP" (Қалдықтармен күрес). Менің ойымша, қатысушылар берілген тақырыпты қорғай алды, – деді Абылай Қасымов.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ

1-бет – Бұл өте маңызды мәселе, – деді аймақ басшысы Архимед Мұхамбетов, – Сондықтан, уақытты құр жібермеу керек. 1 қазанға дейін барлық мекеме, кәсіпорындар, тұрғын үйлердің жылу маусымына әзірлік құжаттары сақадай-сай тұруы тиіс.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Қамбар Хайдаровтың баян-

әкіміне жылу жүйелерін жөндеу жұмыстары алдын-ала түзілген жоспардан артық орындалғанын хабарлады. Мәселен, есепті кезеңге дейін барлығы 23,4 шақырымдық жылу құбырлары қайта жаңартылған. Сондай-ақ, 76,8 шақырымдық су құбыры қалпына келтіріліпті. 1707 шақырымдық электр желісінің 1436-і жөнделген. Облыстағы бүкіл білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік сала мекемелері

тыр дейді Қамбар Хайдаров.

Биыл мемлекеттік "Нұрлы жол" бағдарламасы бойынша облыс орталығында құны 1 млрд. теңгеге бағаланған үш бірдей ауқымды жоба қолға алынған болатын. Осыған сәйкес 2,2 шақырымдық жылу магистралі қайта қалпына келтірілді. Яғни, жоба Қостанайдағы Павлов көшесінің бойындағы құбырларды ауыстыруға, №2 қазандық пен Әуежай шағын ауданындағы қазандықтың құрылысын аяқтауға мүмкіндік берді.

Тағы бір тоқтала кететін жәйт, ол қатты отын мәселесі. Облысқа барлығы 490 мың тонна көмір қажет болса, бүгінде соның 434 мың тоннасы тасылды. Оның ішінде халыққа керегі 315 мың тонна. Жергілікті жерлерге жеткізілгені 217 мың тонна. Бұл істе ширақтық танытпаса болмайды. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов аудан, қала әкімдеріне осыны қадап тапсырды. Әсіресе, оңтүстік өңірдегілер самарқаулық танытып отырған сияқты.

– Бізге енді бар болғаны 11 процент қана көмір қажет. Осыны өзірге жер қара, күн жылыда түгел тасып алу керек. Әйтпесе, сіздер қыс басталғанда ғана қимылдайсыздар. Ол кезде боран басталады, көмір тиелген көліктердің талай рет жолда қалғанын былтыр көрдік қой. Қалайда, қор жасап алудың артықтығы жоқ, – деді өңір басшысы.

Коммуналдық мекемелердің іркіліссіз жұмыс істеуіне тағы бір кедергі, ол қарыз мәселесі. Бүгінге текті облыс тұрғындары мен кәсіпорындарының берешегі 645 млн. теңгеге жеткен. Соның ішінде екі айдан астам уақыт бойы төлем төлеуден жалтарып жүргендердің кесірінен 386 млн. теңге қарыз қордаланып қалыпты. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 105 млн. теңгеге көп. Облыс аудандары мен қалаларында коммуналдық төлемді уақытылы жинауға аса мән берілмейді. Соның салқыны енді сезіліп отыр. Тарқатып айтар болсақ, облыс кәсіпорындары мен тұрғындарының жылуға берешегі 215 млн. теңге, суға



123 млн. теңге берешек. Электр энергиясы үшін 31 млн. теңге, ал кегілдір отынның 17 млн. теңгесі жабылмай қалған. Қарызға белшеден батқандардың көшін облыс орталығы бастап тұр – 106 млн. теңге. Рудныйда – 72 млн. теңге. Жітіқара – 52 млн. теңге, Арқалық – 27 млн. теңге. Лисаков – 21,8 млн. теңге және аудандар 16 млн. теңге берешек. Борышкерлермен күрес пәрменді жүргізіліп жатқанмен, коммуналдық қарыз бәрібір азаяр емес. Сондықтан, облыс басшысы бұған тиісті шаралар қолдануды тапсырды. Аудан, қала әкімдеріне нақты тапсырмалар жүктеді.

– Сіздерден ешкім жауапкершілікті алып тастаған жоқ. Қандай жағдай болсын, бұған жеке-жеке жауап бересіздер, – деді Архимед Мұхамбетов өз бағыныштыларына. Коммунал-

дық қарыз көлемін барынша азайтуымыз керек. Әсіресе, шағын қалаларда шығын үстіне, шығын жамалуда. Егер бақылаушылардың күші жетпесе, қосымша адам тартыңыздар. Әйтеуір, бір амалын табу керек!

Архимед Мұхамбетов биыл да арқалықтық тұрғындарға алаңдауға еш негіз жоқтығын айтты. Әзірге қолда 2,5 мың тонна мазут бар. Бұл жылу маусымын еш уайымсыз бастауға жеткілікті. Жақын күндері Үкімет қосымша тағы 800 млн. теңге қаржы бөлуді ұйғарыпты. Яғни, жыл соңына дейін қажетті мазут тасылып алынады деді өңір басшысы. Тек, қала әкімі Амантай Балғаринге тарифті үнемі бақылауда ұстауға кеңес берді. Бәрі де қыстың қамы емес пе!

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



дауынша, кезекті науқанға дайындық барысы жаман емес сияқты. Жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары толық аяқталмағанымен, жалпы көрініс көңілге медеу.

– Өңірдің күзгі-қысқы жылу маусымына әзірлігі аяқталуға жақын. Тек, орақ науқанына байланысты электр қондырғыларын жөндеу жұмыстары қазан айына қалдырылды. Үстіміздегі жылы барлық жылу, бу қазандықтары мен турбиналарды күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізу үшін, электр жүйелерін, әлеуметтік маңызы бар нысандарды әзірлеуге қазынадан 8,2 млрд. теңге бөлінді. Бұл өткен жылғыдан аз. Былтыр салаға 10 млрд. теңге бөлінген-тұғын. Дегенмен, мерзімді кезеңде атқарылған шаруа қомақты. Бүгінгі таңда облыстағы барлық жылу қазандықтары қысқа дайын.

Басқарма басшысы облыс

қысқы жылу беру маусымына сақадай-сай отыр. Қостанайда 2625 тұрғын үй дайын.

Көктемге салым жылу жүйелерінен 140-тай ақау табылған еді. Соның бәрі қалпына келтірілді. Тіпті, көбісі жаңа құбырлармен ауыстырылды. Мұндай ағымдағы жөндеу жұмыстары әлі жүргізіліп жатыр. Өйткені, жылу маусымы басталар тұста барлық жүйелер қайта сынақтан өткізілетіндігі белгілі.

Облыста күні бүгінге дейін 136 қазандық жөнделген. Оның он сегізіне күрделі жөндеу жұмыстары істелді. Сегіз бу турбинасы жаңартылды. Таран ауданындағы "Тобыл" МҚК-ы мен Арқалық жылу-энергетикалық орталығындағы өбден көнерген жылыту қазандықтарын жөндеу үшін облыс қазынасынан 133 млн. теңге бөлінген-ді. Қазіргі таңда жұмыс тиісті келісім-шарт пен бекітілген кестеге сай жүріп жа-

● ИНВЕСТИЦИЯ ИІРІМДЕРІ

Назарда – инвестиция қауіпсіздігі

Жыл санап, алға жылжудамыз

Қазіргі уақытта инвесторлар үшін қолайлы жағдайларды жасау еліміздің инвестициялық саясатының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Осыған сай, Қазақстан Республикасының Үкіметі еліміздің инвестициялық ахуалын жақсарту және инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша нысаналы жұмыс жүргізуде.

Ел үкіметінің белсенді шаралары халықаралық сарапшылардың оң бағасына ие. Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілігі туралы есебіне сәйкес, Қазақстан әлемнің 140 елінің арасында 42-орынға ие болды, өзінің жайғасымын 8-тармаққа жақсартып және ТМД елдері арасында (Әзірбайжаннан кейін) екінші орынға иеленді.

Дүниежүзілік банкінің "Doing Business" рейтингінде Қазақстан 41 орынды иелене отырып, деңгейін 12 сағыға көтерді, 189 ел арасында Дүниежүзілік банк тобының "Doing Business 2016" бойынша Қазақстан миноритарлық инвесторларды қорғау жөнінде 25-ші орынға және Жаһандық бәсекеге қабілеттілігі рейтингі бойынша инвесторларды қорғау бойынша 25-ші орынға ие болды.

Инвесторлардың құқығы заңмен қорғалады

Осылайша, инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша мемлекеттік саясат халықаралық деңгейде оң баға алды. Бұл көрсеткіштердің жетістігі мемлекеттің қолайлы инвестициялық режимді құру бойынша жүргізіп жатқан осындай саясатының нәтижесінде мүмкін болды.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексында отандық және шетелдік инвесторлары инвестицияларының қауіпсіздігін және сақталуын қамтамасыз етуі жөнінде нормалары бекітілген.

Атап айтқанда, инвесторлар инвестицияларының қауіпсіздігі мен сақталуы Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыру кезінде инвесторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, кірістерді пайдалану, инвестициялық дауларды шешу және инвестициялық преференциялар ұсыну арқылы инвесторлардың инвестициялық қызметтеріне мемлекеттік қолдау көрсету мемлекеттің міндеттемелерімен білдіріледі.

Аталған шаралардан бөлек, Кәсіпкерлік Кодекске сәйкес Қазақстан Республикасының Салық заңнамасы мен шетелдік жұмыс күшін тарту саласындағы жұмыспен қамту туралы заңнаманы өзгерген кезде тұрақтылық қамтамасыз етіледі.

Екіншіден, инвестициялар саласында халықаралық құқықтық базаны жетілдіру шеңберінде, Қазақстан инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы 47 екіжақты және 1 көпжақты келісімдерге қол қойды.

Аталған келісімдер шетелдегі қазақстандық инвести-



цияларын және біздің еліміздің аумағында шетелдік инвестицияларын көтермелеу және қорғау үшін қолайлы құқықтық жағдайлар жасайды. Аталған Келісімдердің ережелері әділ өтемақы және табыстарды аудару құқығын ұсынумен инвестициялар нәтижесінде алынған табыстарға экспроприация, мемлекет меншігіне алу болған жағдайларда инвесторлардың инвестицияларының қауіпсіздігіне кепілдіктер беру арқылы, өзара инвестициялардың толық сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Үшіншіден, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы шетелдік инвесторлар Кеңесі және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

жанындағы инвестициялық ахуалын жақсарту жөніндегі кеңесі құрылған және нәтижелі жұмыс істеуде. Аталған интерактивті сұхбат аландары Қазақстанда инвестициялық қызмет барысында туындаған инвесторлардың проблемалық мәселелерін жедел шешу үшін бағытталған.

Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында инвестициялық Омбудсмен институты құрылды. Бұл институт инвесторлардың ағымдағы проблемаларын соттан тыс және сотқа дейінгі шешу үшін инвесторлар мен мемлекеттің өзара әрекеттесу платформасы ретінде қызмет етеді.

Сондай-ақ ағымдағы жылы нақты жобалар бойынша мәселелерді шешуге арналған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі жанындағы инвесторларды тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі Үкіметтік Кеңесі (Инвестициялық штаб) құрылды.

Ұқсас Кеңестер жергілікті деңгейде инвесторлардың мәселелерін шешу үшін әкімдер басшылығымен барлық өңірлерінде құрылды.

"Бір терезе"

Инвесторларға қызмет көрсету және рұқсат беру мақсатында инвесторлар үшін "бір терезе" белсенді жұмыс істейді, Қазақстанның барлық аймақтарында ХҚКО-да инвесторларға қызмет көрсету секторлары ашылған, онда инвесторлар барлық қажетті ақпарат пен рұқсат беру құжаттарын, мемлекеттік қызмет алуына болады. Бұл тетік құжаттарды жинақтау мен дайындауда инвесторлардың қатысуын барынша азайту және мемлекеттік органдардың олармен тікелей байланысын шектеуге бағытталған.

"Қазақстан - 2050" Стратегиясында Мемлекет басшысының Үкіметтің алдына әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру жөнінде ұзақ мерзімді мақсат қойды. Сондай-ақ, қазіргі таңда Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Инвестициялар комитетіне кіру жөнінде белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Сөйтіп, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жыл басында Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкес инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі 2016-2017 жылдарға арналған егжей-тегжейлі жоспар қабылданды.

Аталған жоспарда миграциялық және визалық режимдерді, салықтық және кедендік әкімшілік етуді жақсарту, шетелдік жұмыс күшін тарту рәсімдерін және басқа да жетілдіру жөнінде шаралар қарастырылған.

Инвестициялық ахуал мен заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс қол жеткізілген шараларға келіп тоқтамай, үнемі жақсарып тұрады. Инвестициялық ахуалды жетілдіру шеңберінде қабылданатын іс-шаралардың барлығы инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау және Қазақстанның өңірлік инвестициялық хабы ретінде қалыптасуы үшін енгізілуде.

Ж.ТӨКЕНҰЛЫ.

● ҚАЗАҚСТАН – 2050

Жаңа өнім – "құйма қалақ"



Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

"ССКӨБ" АҚ-ның Жөндеу-механикалық зауытында жаңа өнім – "құйма қалақтарды" шығаруға көшті.

"Құйма қалақ" – төрт жағында ілмек тәрізді элементтері бар ме-

талдан жасалған технологиялық ыдыс. Ол Ақтөбе ферроқорытпа зауытында феррохром дайындау үшін кеңінен қолданылады. Салмағы 3 тонна келетін қалақтың сызбанұсқасын әзірлеп, оны қалыптау мен құюға кен алыбының мамандары көп еңбек сіңірген.

Бұдан былай бірлестік Ақтөбе-белік зауыт жылдық сұранысын, яғни, 29 дана "қалақты" кезең-кезеңімен жеткізетін болды.

– Бізде технологиялық ыдыстарды жаңарту мәселелеріне үнемі үлкен назар аударылады. Себебі, өндірістің өнімділігі мен адамдардың қауіпсіздігі осыған тікелей байланысты. Бұрын

"құйма қалақты" шетелден сатып алатынбыз. Сондықтан импортты отандық өніммен ауыстыру мақсатында Еуразиялық Топ кәсіпорындары арасынан осы өнімді жасауға кімнің мүмкіндігі бар екенін зерттедік. Осы тұста сапасы ешкімнен кем түспейтін өнімді бізге Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігінің мамандары ұсынды, – дейді Ақтөбе ферроқорытпа зауытының өндірістік-техникалық бөлім басшысының орынбасары Дархан Айдаров.

"ССКӨБ" АҚ президенті Береке Мұхаметқалиев қиын экономикалық кезеңде Еуразиялық Топ кәсіпорындары бір-біріне нақты



қолдау көрсетіп келе жатқандығын алға тартады.

– Бүгінде кез келген қосалқы өнімді шетелден сатып алмас бұрын, оны өзімізде шығара аламыз ба? Сол жағын жан-жақты қарастырамыз. Мәселен, жуырда біз Қазақстан электролиз зауыты үшін блюмстар шығара бастадық.

Ол бұрын Қытайдан, біз ұсынған бағадан екі есе қымбат бағаға алып келінген. Болашақта Ақтөбе ферроқорытпа зауыты үшін тағы да екі өнім: 2,83 текше метрлік қор жинағыш пен 3 текше метрлік шөміш жасауды жоспарлап отырмыз, – деді ол.

Рудный қаласы.

ЖӘДІГЕР



Марқұм Нұрғожа Ораз — біздің жерлесіміз, көрнекті жазушы, көсемсөз шебері еді. 1932 жылы 20 қазанда Қостанай облысы, Сарыкөл ауданындағы "Маяк" кеңшарында туған.

1958-1963 жылдары Қостанай облыстық газетінде қызмет еткен. 1965 жылы Целиноград облысаралық бөлімшесіне жауапты хатшы болып тағайындалған. Астанадағы "Жаңа Сарыарқа" журналының Бас редакторы болды.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ҚР Журналистер одағының М.Сералин атындағы сыйлығының лауреаты, "Астана" және "Тәуелсіздіктің 10 жылдығы" медальдарымен марапатталған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

2016 жылы 21 ақпанда Нұрғожа Ораз 84 жасында дүниеден озды. Марқұм көзі тірісінде біздің газетімізге деп қалдырған материалын сіздерге ықшамдап ұсынып отырмыз.

РЕДАКЦИЯ.

Нұрғожа ОРАЗ

Бікән қажы кім еді?

Бікән қажыны толық таныту үшін қысқа ғана шежіреден әңгіме бастасам деген тәуекелге тоқтадым. Нағашым Қанжығалы руынан (әкемнің де нағашысы — Қанжығалы). Бір дерекке сүйенсек Қанжығалы ішіндегі Уәйістен Тұяқ, одан Қырғызбай, Теңізбай. Сол деректі әрі қарай тыңдасақ:

Жасыбайдың немерелері Қырғызбай, Теңізбай тұқымынан атақты батыр, ділмар шешен, жол тапқыр адам көп шыққан. XVIII ғасырдағы қазақ ханы Абылайдың өсиеті бойынша Уәлихан Қырғызбай, Теңізбай тұқымдарын Ерейменнен түгел көшіртіп алып Қостанай даласындағы қалың орманды, мол сулы Сарыкөл, Отынағаш, Қараөзек, Борпылдақ дейтін жерлерге түпкілікті қоныстандырған. Абылайдың өсиетінде үлкен астар, саяси мән бар. Көкшетаудағы хан сайлауында найман соқыр абыздың баласы Әлдібек би мен қанжығалы Аتكелтірұлы Айтбай батыр Қасымды хан сайлатпай Абылайдың өзін састырады. Сонда Теңізбай Әлібек батыр, Мендеке батыр, Бекеш билердің қолдауымен Уәли хан сайланып, таққа отырған екен. Сонан бері ол екі ата Қостанай жақта өркендеп қалың ел болыпты.

Өз анам Кұлайымның (Гүлайым — туыстары Кұлай атандырып жіберген) айтуы бойынша қысқаша хабар: Бармақтан тарағандар ішінде өзім көрген Ырым нағашым. Ал Байыстан: Жаналы, Жанатай, Тәукебай, Тұйтабай, Атамбоз, Әнапия.

Жаналының денесі аса ірі, түсі суық, аруақты адам болса керек. Қасының қалыңдығы сондай, көзін жауып тұрады екен, өзі "Алла тағала менің түсімді суық қылып жаратты, содан айбынып немерелерім жоламайды, біреуін де еміреніп сүйе алмадым" деп назаланады екен. Сәл ертерек заман болса нағыз хас батыр болатын адам, күш жағынан алдына жан салмаған.

Күміс жапқан кісе белбеуін анау-мынау адам көтере алмаған. Кісесі, құтысы, оқшантайы, қылыштың қынабы, кездіктің қыны бар — ауырлығы содан да болар. Сол белбеуді өзінен кейін, ол кісінің киелілігінен де болар, босана алмай жатқан әйелдің үйіне апарса — сәбидің дүниеге келуі жеңілдеген, шалыққа ұшыраған адамға апарып мойнына асса тәуір болған, әйтеуір кеңес келіп тыйым салғанға дейін киелі кісені имандылыққа пайдаланған.

Жаналының кіші баласы Құрманғали нағашымды бала кезімде көрдім. Ол кісі отырғанда жанына барып, иығына сүйенейін десем (12-13 жасымда), иығына бойым жетпейтін. Бір-бір жілігі атан түйенің жілігіндегі аса ірі адам еді, үлкендердің айтуына қарағанда жауырыны жерге тимеген палуан болыпты. Бәйбішесінен туған баласы Отан соғысының құрбаны болып кетті, одан туған бала да қайтыс болды. Кейінгі әйелінен балалар бар, бірақ, қазақ дәстүрі бұзылып, бүгінгі заманда әркім әр жақта жүр ғой, кездестіре алмадым.

Тұйтабайдан: Бірмағанбет (Бірмаған ата-нып кеткен), Мұқан. Мұқаннан — Сәдуақас нағашым, ол кісіден балалар баршылық,

бірақ қатынасымыз үзілген — жас балалар ілік-жұрағатты іздей ме? Бірмат атам — менің шешемнің туған әкесі. Ол кісінің қол шеберлігі мал басқасын айтпағанда, бүгіндегі мал дәрігерлері жылқыға сақау шықса, маңқа болса "жазылмайтын, жұқпалы" деп атып тастайды ғой. Ал нағашым солардың ауруын пышақпен сылап тастап, жазып алады. Қандай жамандатып тұрған жылқыны да жазып жіберген. Сол ерміліктен талай эпизодтар бар, бірақ қысқа мақалада жасаған емдерінен келтірілген эпизодтар бар. Жеті түрлі жел дәрісін жасағаны, күйік (сибирская язва), қызылөңешті емдеп жазғаны сияқтылар.

Бірмаған пен әжем Ділдадан менің шешемнің апасы Қатипа, ағалары Жүніс, Бимырза, Тұмырза туады. Жүністен есімде қалғаны Дүйсен нағашым, ерте қайты. Тұмырзадан жалғыз Үміт атты қыз.

Бимырзадан сақталып өскені Қабду, Тотан, Қарлығаш. Бәйбішесі Шәрипа шешеміз Сіргелі — Уақтан еді. Есіл бойында (Рузаевқаға жақын жерде) Ақшығанақ деген ауылдан. Бірақ қазір ол ауылдың орыны да жоқ. Шәрипа анамызды ерекше айтатыным — 1947 жылы жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін колхоздан қашып шығып, оқуға кетіп бара жатқанымда не үстімде жауын-шашыннан қорғайтын киім жоқ, не жолға алған азығым жоқ, сонда түні бойы жылап отырып комбайнның полотнотынан шекпен тігіп берді: "Жолда иіңнен су өтпесін!" деп. Сол оқу жолында жаяу, немере ағайымды іздеп шыққанда азығым болмап еді, жолда нағашыларыма соққанда Шәрипа анамыз тұщы құрт, ірімшік салып, азықтандырды. Сондай кейуананы қалай ұмытарсың!

Мен сыртта оқуда жүргенде (әуелі Гурьевтің педучилищесі, одан кейін Алматыда ҚазГУ) сол асыл анамыз қайтыс болыпты. Бимырза нағашым екінші рет үйленген ғой, одан туған балалар да маған кездеспеді, басқа жерде тұрады. Тотаннан балалар бар, араласа алмайды. Ал Қабду нағашымның қыз балаларын толық атай алмаймын, жалғыз ұлы Уақит Қостанай қаласында тұрады.

Маған кейінгі кезде туыстық жағынан қатты әсер еткен Қабду нағашымның жұбайы — Әсмә жеңгем. Елге соңғы рет Тұмырза нағашым қайтыс болғанда барғанмын. Ескінің соңғы көзіндей асыл нағашыма қатты толқып, өкінішпен жыладым. Марқұм қазаққа өте сирек кездесетін зергер еді. Бала кезімде оның күміс соққанын жанында отырып талай қызықтадым. Қартайғанда ұсталық көрігін менің туған бөлем — Ақмедияға берген. Оның да бір баласының аты — Қабду, оның келіншегі Римма Ғабдол қызы (әрі нағашыларыма туыс), Сүйіндік қызы Қостанай облыстық мәдениет департаментінің директоры болып көп жыл қызмет атқарды. Бимырза нағашым колхозда ұсталық етті. Соның үлкен шаңырағын жықпай, бүгінгі заманға сай ұстап отырған Әсмә жеңгеме қалай риза болмасын! Жоғарыда айтылған аталардың біреуі Тәукебай еді. Одан Бікән, Түгел туады. Бікән қажы сол төңірекке түгел аты шыққан адам. Жасымда (Уфа қаласы

жағынан келген кезі болар, 1945 жылдары болса керек) сол әулие атамды көрдім. Мен осы жасыма дейін ондай кескінді, кияпатты, бет-жүзі нұрлы адамды көрген емеспін. Әдейі сәндеп қойды ма екен, әлде туа біткен жарасымдылық па, кім білсін, аппақ шоқша сақалы мен қиылған ақ мұрты бет-бейнесін көріктендіре түскендей еді.

Ауылға бір барғанымда елдегі үлкен молла, сол кезде жасы сексеннен асқан Бексұлтан атамиз маған "сенің нағашың Бікән қажы әулие адам ғой, әкеме жасаған жақсылығын ұмытпаймыз" деді. Нағашымның ауылында молдалық құрып жүрген Бексұлтан атаның әкесі Балғожаны да Меккеге ала барған ғой. "Әкем байлығымен Меккеге барған емес, кедейге ол қайдан болсын, сенің нағашыңның қамқорлығымен барып, Балғожа қажы атанып келді", дейді молла атамиз.

"Қыркүйек" романын жазар алдында елге барып, материал жинап жүргенде Сарыкөлде сиырын табынға қосуға әкетіп бара жатқан қарт орысқа кезіктім. Жасы сол кезде тоқсанға жақындап қалған екен. Мен "сіз Бікән Тәукебайұлын білесіз бе?" деп сұрадым. Ол кісі бетіме таңырқаған күйде қарады да "Неге білмеймін, біз осы араға жер аударып келгенде бізді аштықтан аман алып қалған, мен естияр бала едім, барын білем" деді қарт. Екінші бір одан жасы кіші орыс та "білемін, ол кісі жайлы әке-шешем айтып отыратын" деді. Сол орыс (екеуінің де аты-жөндерін ұмыттым) романыма қажетті дерек берген еді.

Бікәннің жалғыз ұлы — Нұрмұхамбет, одан туған Қамза нағашым. Жалғыз ұлдың ғұмыры қысқа болатынын қайдан білсін, немересі Қамзаны інісі Түгелге бала етіп берген. Сол екі әкенің ортасындағы Қамза нағашым әкелерінің анттасқан келісімін бұзбай, дүниеден Түгелұлы болып өтті.

Менің анамның әңгімесіне қарағанда, нағашым Бікән нұрлы жүзі жұрттан бөлек, ерекшелендіріп тұрады екен. Сарыкөл ауданынан асып, бар төңірекке аты әйгілі болған. Мен осы қадірлі халық ұлы жайлы әңгімені бала кезімнен, жас шағымнан талмай анам әңгімені кітаптағыдай етіп суреттеп, оған көркем мән беріп айтатын, әңгіменің желісі де әулігі кітаптағыдай өрбитін. Бір айтылған әңгіменің белгілі бір тақырыбы сан рет қайталанса да тура, бұлтартыссыз сол күйінде қайталанатын. Мен ол "повесть-әңгімелерді" түгел бұл мақалаға сиғыза алмаспын, дегенмен, аздап шолып өтейін.

Бікән қажы бастаған нағашыларым бүгінгі Сарочин, Сарыкөл (қазіргі аудан орталығы) жерлерін, оңтүстік-шығысында "Астау төңкерген" сайы (көшжәнекей сайдың түбі су ағатын жырақалы болған соң арба дөңгелегі өтер жерге — ас берген тұста екі жігіт көтеретін астауды төңкерген ғой), қазіргі Тагил делініп кеткен село тұсы — бұрын Көкқұнан сайы делінген жерлерді қыс-қыстап, көктем мен күздікте қолдағы малды жайған жерлер. Байыс бабадан тараған аталардың зираты Сарочин селосы орналасқан жерде жатыр. Ол — Бікәннің әкесі Тәукебайдың қыстауы.

Үлкен шаңырақ иесі болған. Бай болған соң мал жайылымы үшін (көктем мен күздікте) бөлектеу, іргелес қыстау салған ғой. Ал Тұйтабай қыстауы Сарыкөл атанған көлдің жанында Ұзынқызыл деген жал ағаштың бауырында, Сарыкөл жағасында ауданның орталығы орналасқанда Ворошилов көшесінің орнында болған. Менің шешем — Кұлай (шын ат Гүлайым — Кұлайым) 1896 жылы сол қыстауда туған. Бікән нағашым болыс болып тұрғанда Столыпин реакциясы кезінде ішкі Ресейден қоныс аударылушылар ("великое переселение" деп аталатын қазақ жерін соғыссыз басып алған тұста) арып-ашып, жартысы жолда қалып жеткен шаруа орыстардың он екі семьясына бір-бір сауын сиырды "сүті сендердікі, төлі біздікі" деп берген ғой. Сөйтіп олардың жанын сақтап қалған. "Көпірлерге онымыз не?" дегендерге "көпір деп айтпаңдар, бұлар да Алланың құлы. Кімнің көпір екенін, кімнің көпір еместігін бір Алланың өзі біледі" депті. Сол жақсылығын уезд басшылары жоғарыға хабарлап, Бікән нағашыма патша ағзам атынан алтынмен өрнектелген шапан (кафтан), грамота берген екен. Кейіннен орыс көршілеріне Ресейден келгендер қосыла келе көлемі ұлғайып, тынышсыздана бастайды. Бағлан (Звериноголовск) базарына барған қырдағы казактар еліне қайтар жолда жаңа қоныстанған орыс селоларының мәстек аттарын айдап әкете берген соң жоғалған жылқы иелері жоғарыға жағдайларын хабарлап, жазалаушы экспедиция шақырады ғой. Ондай дау-тартыс кезінде ел ішіндегі көзге түсерлік ерекше адамдар кек алудың нысанасы болары хақ. Сөйтіп олар әскери қарулы адамдарды Бікән Тәукебайұлының ауылына сілтейді. Қарулы солдаттар келе жатыр, ауылды шабады дегенді естіген ел дүрлігіп, өзге жанашыр ағайындар да қаруланып, қарсы шығуға дайындалады. Бірақ Бікән нағашым елді тыныштандырып:

— Дүрлікпендер. Қарулы солдаттарға сендердің сойыл-шоқпарларың түк емес, текке қырыласыңдар. Сендердің обалыңа қалмаймын, шегініңдер, тараңдар, не болса да мен өз басымды сендердің жолыңа тіктім! — дейді. Келесі күні солдаттарын соңына еріткен экспедиция да жол шаңын бұрқыратып келе жатады, алдында командирі. Бікән болыс алтынмен зерлеген шапанын жамылып, мәртебесі үстем патшаның грамотасын қолына алып солдаттарға қарсы жалғыз өзі шығады. Таяп келіп тоқтаған командиріне грамотаны ұсынады. Тоқтаған офицер грамотаны алып оқып шыққан соң қолын көтеріп соңындағыларды тоқтатады.

— Құрметті Бікән Тәукебайұлы, сіз кешіріңіз, бізге хабар берушілер қателескен екен, немесе сіздерге жауыққан біреулер қақтығыс отын тұтатпақ болған екен, біз сіздің рұқсатыңызбен кері қайтамыз, — дейді командир.

Біздің қазақтың әдет-ғұрпында келген адамдарды қонақ етеді, аттан түсіп, үйге жүріңіз, — деп қол қусырады Бікән қажы.

— Жоқ, біз ұятты адамдармыз, құрметті адамдар емеспіз. Сіз тек біздің қателігімізді кешіріңіз, — деген командир атының басын кері бұрады. Бірақ, кейіннен ұрлық қайталанма, көздеген арамқылықтары іске аспағандықтан өшіге ме, Бікән нағашымның үстінен жазған жала арыздар қайталанма береді.

Болыс нағашым: — "Бұлар әбден өшігіп алды, қазақты жеңбей тынбайды, сондықтан қоныс аударуымыз керек," — дейді туыстарына.

— Қайда барамыз? — деп жұрттың көңілі жасиды.

— Әлібек ағайындармен келістім, сол жаққа көшеміз, — дейді іштей бекініп алған нағашым сөзін сенімді нығарлап.

Жүктерді түйеге, арбаға артып жолға шыққан. Ересектер ат үстінде, жас балалар мен жүре алмайтын үлкендер арбада. Біраз жүріп, уақыт түске жақындаған тұста шілде айының аңызғақ желі сала

Аталатын дамылсыз шолғыштап тексеріп отырады. Томарлы-көлшік кездессе су әкеліп, арбада жатқандардың үстін кілеммен жауып, соның үстінен су шашып өбігерленіп келе жатады. Менің шешеме — Кұлайға тиген ат үркек екен, көштің артқы жағынан айқай-шу естіп беталды ала қаша-

ды. Тізгін тартқанға бой бермейді. Оны көрген үлкендер соңынан қуады, арт жағындағы дабыр-дуды естіген үркек ат одан сайын қарыштайды. Сол бетімен алдындағы қалың қайыңды орманға бет қояды.

Шешем марқұм айтады, орманға таялған кезде "енді өлдім" деп көзімді жұмып, еңкейіп аттың жалына жабыса жаттым. Бір кезде алдыңғы жаққа қарай әлде бір күш пәрмендете итеріп жібергендей болды. Көзімді ашсам астымдағы атым түбінен қосарлана өскен қос қайыңның ортасына кеудесімен килігіп тоқтаған екен. Келіп жеткен жұрттар "аман ба – аман ба?" деп даурығысады. Шешемді орманнан шеткөрірек шығарғанша болмай көш жақтан біреу шауып келеді.

– Ойпырмай, Аллам-ай! – дей береді.

– Не болды? – десе, көштің арт жағын нұсқап, қазалы болдық, Дөметкен шөлден түтігіп өліпті – дейді көзіне жас алып. Енді бұл жерге жиналып қалғандар көшке келгенде Бікән сөйлеп тұр екен.

Айтып едім ғой, бұл "қызыл жел қызыл отпен бірдей" деп, демеп пе едім! Енді көшті осы жерге тоқтата тұрындар да айналадағы шілікті томарлы жерлерден орманға сүзіп су әкеліндер. Бірмат атамның балалары арбаның көлеңкесінен жер қазып, салқын топырақ үстіне құрғақ шөп төсеп, аса толық Ділдә әжемді отырғызады. Өте толық бәйбіше екен. Анау мәйітті аруландар, Сәндібала қайдасындар? Тез қимылдаңдар мына күн от шалғандай болып кетті, мәйіттің денесін жалын бұзып жібереді. Жігіттер, қабір қазындар, осы жерге аманат етіп қоямыз. Кейіннен апарып аталар зиратына тапсырамыз.

Бұл көш сондай қиындықпен өтеді. Барған жерде де Бікән ата ағайындарын толық орналастырғанша "құдайға қой айтып", барған жерлеріндегі Әлібек ауылдарын да шақырып, Алладан жаңа қоныс, жайлы қоныс болуын сұрап, өтініп құдайы береді. Әрине, жаңа қоныс Бікән болыс үшін дұрыс та болар, бәрі бір қанжығалы ғой, келгендерге күнде бір ауыл ерулік беріп жатады.

Дегенмен, дүние өзгермей тұра ма, орайы келген бір тұста атамекенге жақындап келіп Қоңыршілік деген орманды жерге орналасады. Сол сапырылысқан заман өзгерісі, дәуір дегелеңі, Кеңес кезі Бікән қажыға да оңай тиген жоқ.

1928 жылы қазақ байларына, мыңдаған жылдар бойына малмен күнелткен кедейлерге де қиындық төнді. Байлардың малы кедейлерге, малшы-жалшыларға бөліп бергенмен ол малдар бір жылға жетпей көзі құрыды. "Мал баққанға бітеді" дейді ғой, талан-таража түскен мал бағу-қағусыз құрыды. Қай кедей өзіне берілген үш-төрт жылқының соңында жүріп күзетеді.

Бікән қажының малы да талауға түсті. Бірақ өзін жер аударудан баяғы сиыр беріп көмектескен жаңа қоныстанушы орыстар қорғап қалды. "Бізді аштан өлгелі келгенде асырады, баспана берді, сондай адал да адамгершілігі мол адамды қалай жер аудармақсындар?!" деп уездік бастықтарға жалынып (Сарыкөл ол кезде Всевьятск, жиырмасыншы жылдан Урицк) алып қалады. Бірақ 1929 жылы кулактарды, әлді шаруаларды екінші рет төркіледі ғой. Бікәннің үйленген жалғыз баласы Нұрмұхаметті Қарағандыға жер аударды. Ағылшындардан кейін көмір өндірісін жолға қоямыз деп жатқандар сол үшін елден жұртты жиған нағыз урбанизация кезі еді. Бікән нағашым "бұлар жайымызға қоймайды" деп өзіне қарасты жандарды бастап Башкирияға – Уфаға көшеді.

Нұрмұхамед төрт жылдан соң жұмыстан босап, өз өмірінің де жұмысы бітіп, аурулы болып келіп сол Уфада сүйегі қалады. Бікән атам әрдайым өзінен гөрі өзгенің қамын ойлап тұратын дағдысы бойынша баласы жоқ жалғыз інісі Түгелге Нұрмұхамедтен туған жалғыз ұл-немересі Қамзаны береді. Одан кейін туған немересі Бәри апай қазір Астанада. Әкесі қайтыс болғанда іште қалған қыз балаға Нәсіл деп ат қойған екен. Ол соңғы жылдары артына айта жүретін ұрпақ қалдырып, өзі қайтыс болды.

Бәри апай Бікән қажының басын көтеріп, Астанада керамика кірпіш апарып көрнекті зират етті. Қоғамға еңбегі сіңген апайымыз алдағы уақытта атасы Бікән қажыға арнап берілетін асқа қатынасқысы келеді. Ал Бікән қажыға берілер асқа атсалысқандарға алдын ала "Алла жарылқасын!" деп тілек айтамыз.

● БІЛІМ

Байқау жеңімпазы

Жуырда ұстаздар арасында ұйымдастырылған облыстық "Үздік педагог" байқауының жеңімпаздары анықталды. Білім додасында №15 орта мектебінің биология және химия пәндерінің мұғалімі Сайран Өміржанова байқау жеңімпазы атанып, республикалық байқауға жолдама алды.

Заман талабына сай ойы ұшқыр, еңбекқор, өз ісінің терең білгірі Сайран Өміржанова әріптестерімен қоса шәкірттерінің арасында үлкен беделге ие ұлағатты ұстаз. Сайран Еспайқызы өз ісінің маманы ретінде тәуелсіз еліміздің болашақ азаматтарын білімді, саналы, ұшқыр ойлы, бөсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу ісіне өз үлесін қосқанына да 25 жылдың жүзі болыпты. Білікті ұстаз жалықпай еңбек етті, уақытпен санаспады. Іскер жан сан жылдар жаңалыққа құмартып, ізденді, кәсіби сайыстарға белсене атсалысып, шеберлігін шыңдады. Білім әлеміндегі түрлі өзгерістер мен жаңа ақпараттық құралдарды еркін меңгере отырып, түрлі деңгейдегі ғылыми байқауларға белсене қатысты.

Сабақ берумен шектелмей, ғылымға ден бұрып әртүрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларда өзекті мәселелерді шешуге атсалысты. Бала бойындағы дарындылық, ғылыми қабілетін ашу, танымдық қасиеттерін зерттеу, айқындау оның дағдысына айналған. Мектеп қабырғасында талай рет шәкірттерінің шығармашылығын үкілеп, білімін шыңдады. Ал оқытудың түпкілікті нәтижесінде өз ойын дәлелдей алатын, жан-жақты, білімін жүзеге асыра алатын, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыра



билді. Жуырда қолы жеткен кезекті жеңісінде де шәкірттерінің толағай жеңісі ескерілді. Облыс көлемінде өз ісінің майталманы ретінде танылып, топ жарды. Байқау барысында мұғалімнің еңбегінің жетістігі, ғылыми жұмыстары, оқушы жетістігімен

қоса мұғалімнің кәсіби күзиреттілігі сарапталды.

Сайран Еспайқызы өз білімін жетілдіру тақырыбы бойынша биология пәнінен оқушыларға кәсіби бағдар беру аясында 10-сыныпқа арналған авторлық "Қазақстан өсімдіктер әлемі" қолданбалы және 6-сыныпқа арналған таңдау "Өсімдіктің ішкі дүниесі" курстарының бағдарламасын жазып, облыстық сараптама кеңесінде қорғады. Аталған таңдау курсы бағдарламасының негізінде биология пәнін терең оқыту мақсатында мектепте "Ғылымдар интеграциясы" атты эксперименталды алаң ашуға белсенді көмек беріп, тәжірибеге ұштастырды. Нәтижесінде шәкірттері 14-ші республикалық командалық "Сатылай кешенді оқыту" пән олимпиадасында бас жүлдені еншіледі. Бөсекеге қабілетті ұстаз Сайран Еспайқызы осы жылдар ішінде мамандығына адалдығын сан мәрте дәлелдеумен келеді. Республикалық педагог мамандардың "Ұлағатты ұстаз" сырттай байқауында "Авторлық қосымша білім беру бағдарламалары" бағыты бойынша I орын, қалалық "Ең үздік онлайн-сабақ" байқауында II орын. "Сабақты презентациялау" бағыты бойынша I орын, қалалық "Ең үздік биология кабинетіне" қатысып "Оқу үрдісіндегі жаңару" номинациясымен марапатталды. Республикалық "Білім шыңы" жобасына қатысып, "Біліктілігі жоғары дәрежеде" грамотасымен марапатталып, жинақ кітабына да енді. Қазіргі таңда білікті ұстаз Сайран Еспайқызы №15 орта мектебіндегі жоғары құрметке ие болған абыройлы да ұлағатты ұстаз. Ұжымында ақпараттандыру шығармашылық тобының жетекшісі ретінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру мақсатында жүйелі жұмыс істеуде.

Роза ЖАРҚЫНБЕКОВА.

Рудный қаласы.

Әке-шешеге де көмек қажет

Фурманов орта мектебінде "Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған психологиялық көмек" тақырыбында конференция өткізілді. Мақсаты – 6-7 жасар балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне ата-аналардың жағдай туғыза білуі. Ата-аналар конференциясының міндеті – мектеп пен отбасы арасында ынтымақтастықтың берік іргетасын қалау.

6-7 жас кезеңінде баланың психологиялық келбеті жаңарады, жеке адамдық, танымдық және ақыл-ой мүмкіндіктері, көңіл-күй, қарым-қатынас ортасы өзгереді. Бала өзінің жаңа жағдайын міндетті түрде сезініп, үлкен болғанына мақтанады, оған жаңа жағдайы ұнайды. Осы кезде ата-ана баланың сәтсіздіктеріне шыдамдылық, талпыныстарына қолдау көрсетуі қажет. Мектептегі оқудың басталуы әр бала үшін өте күшті әсер береді.

1-сынып оқушыларының мектепте болған бірінші аптасында ағзаның қарсы тұруы төмендейді, түс көру, тәбет бұзылады, дене қызуы көтерілуі мүмкін. Мектепке бейімделу кезеңі кейбіреулерінде бір ай, басқаларында бір оқу жылына созылуы мүмкін. Мұнда көп нәрсе баланың жеке адамдық ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп психологы 1-сынып оқушыларының

ата-аналарына арнайы психологиялық кеңестер берді. Ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты бейнероликтер көрсетілді. "Есімдер", "Ақ тілек" жаттығулары жүргізілді. Жиын соңында ата-аналар конференциядан алған әсерлерімен бөлісіп, жүрек жарды лебіздерін білдіріп, жақсы көңіл-күйде тарқасты.

Әсем ӘБІЛДИНА,
Фурманов
орта мектебінің
педагог-психологы.

Арқалық қаласы.



Дәуірді жеңген

(Дін қайраткері
Аймағанбет Спанұлының рухына)

Күн зулап, жылдар сырғып, ауса ғасыр
Тарихқа айналады қаншама сыр.
Бағасы кеміп, бірақ, құнын жоймас,
Уақыттың түнегінде қалса да асыл.

Жырласам асып туған асылдарды,
Рухы самғар келер ғасырларды.
Қасқайып қарсы тұрып заманына,
Емендей иілмеген хас ұлдарды.

Замана шашса-дағы зәһарын мың,
Жігерін мұқалта алмас баталы ұлдың.
... Атағы Аймағанбет әмбеге аян,
Ұрпағы Үмбетейдей баһадүрдің.

Бұл өмір – бақ пен сордың алааманы,
Бір жүрер бақыты мен нала, зары.
Тектінің тұяғы еді Аймағанбет
Данышпан, бекзат туған бабалары.

Бір арыс орта жүзде – арғын елі,
Арқаны кең жайлаған даңғыл еді.
Торғайды қоныс қылған бір тармағы,
Тарихтан мұның бәрі мағлұм еді.

Тепсініп, елдің сертін тұмар еткен,
Сол елде Шақшақ сынды қыран өткен.
Жасындай жауға тиіп жас күнінен,
Атасын "Аманжолдап" ұран еткен.

Ер Шақшақ Еділ көктеп, Жайық өткен,
Есім хан бас батырға лайық еткен.
Алты ұлы алтын айдар өсіп-өніп,
Оңынан туған дәйім айы көктен.

Шақшақтың Көшей екен бір баласы,
Жыр болып жеткен бізге жылнамасы.
Ұрпағы өңшең бәрі, арлан туып,
Қалмаған көңілінде мұң-наласы.

Қалқаман, Қошқар – Көшей кіндігінен,
Баршаға үлгі болған бірлігімен.
Атадан асып туған паң Жәнібек,
Танылған дәуірінде дүрлігімен.

Жау десе қозып тұрған делебесі,
Үмбетей – Қалқаманның немересі.
Білерсіз өз әкесі Бейсейіт деп,
Шежіре бабаның бір өнегесі.

Тарихта Жәнібектің аты мәлім,
Мәмлелер, жау жапырған батыр әрі.
Аю мен Аждаһаның ортасында,
Ақылмен қорғай білген атырабын.

Үмбетей – Жәнібекке іні болған,
Алғадай батырының бірі болған.
Жорықта Дәуітбайға тізе қосып,
Асқар бел, арқа сүйер шыңы болған.

Ертеде сондай, сондай ерлер өткен,
Дәуірлеп, тасын өрге дөңгелеткен.
Жасаған тоқсан жеті Ер-Үмбетей,
Ұрпағы жиырма алты ауыл елге жеткен.

Тамада Тархан Есет батыр өткен,
Оның да күллі әлемге аты жеткен.
Есеттің қарындасын Үмбетей ап,
Екі елді құдандалы, жақын еткен.

Еліне Сарыбәйбіше ана атанған,

Үмбетей кеңесшісі дана атанған.
Өмірге торсық шеке бес ұл әкеп,
Сауылдап етегінен бала тамған.

Біреуі бес баланың – Аралбай-ды,
Жасынан "жау қайдалап" жалаңдайды.
Қамалды бұза шауып, қайрат қылып,
Алаштың ертеңі үшін алаңдайды.

Аралбай – адамзаттың арыстаны,
Ұрпағы ғылым қуып қарыштады.
Белгілі бір ұрпағы Төлебай да
Тентекті тізеге сап жаныштады.

Арыстан Аралбайдан Таңбай туған,
Тектілік қалыбынан танбай туған.
Таңбайдың алтыншы ұлы
Баршын екен,
Хақ ислам тура жолдан танбайтын жан.

Аралбай қан майданда жанын берген,
Таңбай да қалың елдің қамын жеген.
Таңбайдың бір әуезаты Байтұрсынов
"Ахаң" деп барша Алаш қадірлеген.

Науырзым – Өтей менен Сүгір жері,
Аңыз боп аты жеткен бүгіндері.
Бір арыс "Пішән Сүгір" – Тұраш батыр,
Қашаннан елге сыйлы, тұғырлы еді.

Тұраштың жалғыз қызы Рәбиға-тын,
Исламның түгел білген шариғатын.
Айттырып Рабиғаны Баршын алған,
Толтырып ата жолмен балиғатын.

Баршыннан Жікен, Ысқақ, Спан еді,
Жөн білер, ата көрген нұсқалы ер-ді.
Оқытып ұл мен қызын мұсылманша,
Шариғат шартын мықты ұстап еді.

Спаннан Аймұхамбет, Дыбыс, Жақып,
Олармен ере туған ырыс, бақыт.
Жасынан мешіт беріп, тіл сындыртып,
Өсірген дін исламмен тыныстатып.

Қос ру болса егер де құдандалы,
мәселе мәмілемен тынар бәрі.
Құдалық жолыменен қоныс алу,
Үмбетей бабаның да бір арманы.

Қашанда татулықпен ел көгерген,
Ақкөлден арқадағы жерге келген –
Қоныс ап Өтейлерден, Сүгірлерден,
Үмбетей Науырзымға дендеп енген.

Сол шақта үмбетейдің қалың елі,
Айшылық аумақты өзі алып еді.
Бір шеті Сыпыс, Тірсек, Науырзымда,
Сан әулет Ақкөлде де қалып еді.

Мекендер Өлеңді мен Сәңкібайды,
Дәмолла Бейіс дәйім даңқын жайды.
Қырық бір мешітке бас қазірет боп,
Есімі таң шолпандай жарқырайды.

Інісі Мырза Ишан шын ғұламаң,
Ілімді түгел білген сұңғыла адам.
Айкең Мырза Ишаннан сауат ашып,
Жолына Жаратқанның шын құлаған.

Бас иген біліміне тұрғыласы,

Жүрегі нұрға толы дін мұрасы
Құранды үш тауысқан Дыбыс болса,
Теңдессіз заманының сұңғыласы.

Жақыпбек Сүгірден қыз алған екен,
солайша бақ-жұлдызы жанған екен.
Ал, Дыбыс – он алты мың жылқы біткен,
Қожаққа қосақ болып барған екен.

...Мүмінге Алланы айтып, дін ұстанған,
Ол заман қырғи қабақ, қырыс болған.
Жайлады елдің ішін алауыздық,
Құдайсыз қай қоғамға ырыс қонған?!

Қағбаны сәжде қылған бетке ұстанып,
Замана заңы кетті бек қысқарып.
Жылында мың тоғыз жүз жиырма тоғыз,
Жақыпбек жаламенен кетті ұсталып.

"Мүшесі Алашорда, бай баласы",
Бұларға жапты жала айналасы.
Ағасы Иркут асты, дәм айдаса,
Жігіттің бармас дейсің қайда басы.

"Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
сахара, көлге қонып саңқылдаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?"

Бұл жырды неге жазды Ахаң-аға,
Бұл зауал төнді қайдан сахараға?
Отыздан жаңа асқан Аймағанбет
Жазықсыз жау боп енді атала ма?

"Исламның ел көгіне туын ілдім,
Ақиқат жолын нұсқап суырылдым.
Туғаннан тірі адамға зияным жоқ,
Туған ел, неге сонша қуырылды?"

деген ой Аймағанбет кеудесінде,
шеттелді, қалғандай боп ел көшінде.
"Адамнан келген керді көріп алдым,
Сенімім Алла жаққан сөнбесін де!"

Жүрегін Алланы ойлап нұрға малып,
Хас мүмін бәріне іштен тынғаны анық.
Жылында мың тоғыз жүз отыз бірдің,
Айкең Башқұрт асты қудаланып.

"Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса ерге дәулет құралмаған.
Күніне тоқсан тоғыз пәле көрсең,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан".

Бабынан қара арғымақ арымағы,
Осылай нақыл айтар халық әні.
Жолында бір Алланың бейнет кешсе,
Жан адам байлай алмас бағын әрі.

Заман-ай, зауал желі құбылмалы,
Айкең, бұл сынаққа жығылмады.
Ақтас пен Байтұрсыннан басы артық па,
Уақытша бейнет шығар мұның бәрі.

"Мен түгіл қуғын көрді Ахмет те,
Е, Алла, сабыр бергін, рахым ет те.
Асылды тот баспайды, Алла әділ,
Ақырын қайырлы етер ахыретте.

Күн туса кім кимеген кебенекті,
басыма нелер келді, нелер кетті.

Әйтеуір, бір Алладан үміт үзбен"
Айкең осы ойды демеу етті.

Тағдырдың кім құтылған салғанынан,
Тұрмыстың бел қайысты салмағынан.
Қайрылған қанатынан құстай болып,
Айрылды Нәзипадай жан-жарынан.

Аты өлген жолаушыдай жолда қалып,
Басына бар тауқымет орнады анық.
Шырылдап Боранбайы жетім қалды,
Панасыз Қазымбегі ол да ғарып.

Тағдырдың қаптағанмен сынақтары,
Өткінші деп иланды бірақ, бәрі.
Үйде ана, түзде әке бола жүріп,
Аялап, қос жетімді жылатпады.

Естекте мүшел жүрді дәм бұйырып,
Қиындық көрсе-дағы жан күйініп
Жат елде бағасы асты, халық сыйлап,
Қойғасын дүниеден арды биік.

Айкең биік ұстап асыл басын,
Білдіріп оңайлықпен басылмасын.
Ел жаққа қайта оралды қырық үште,
Арызы ағайынның басылғасын.

Қалдырып артта аз-кем қиындықты,
Келді де Қостанайға үйін тікті.
Халыққа иман жайлы уағыз айтып,
Әр дайым жүрген жерін жиын қыпты.

Өткеннің бізге жеткен әр дерегі,
Айкең абзал, қайсар жан дер еді.
Қол жинап Үкіметке хат жаздырған:
"Мешіт – деп, – халық үшін бар керегі!"

Заң қатал, десек те "оған кім бағынбас?!",
Құдайсыз жүректерге нұр жағылмас.
Қажет деп Қостанайға Алла үйі,
Қостады барша татар, дін-қарындас.

Шверник Кеңестің бас төрағасы,
қазаққа жоқ бересі, жоқ аласы.
Ысқырған Сталиннің заманында
Белгілі дінге оның жоламасы.

Қорықпай төнетұғын қысымнан бар,
Тілегін жоғарыға ұсынғандар –
Талабы орындалмай, пұшайман боп,
Қамықты қостанайлық мұсылмандар.

Соғыстан кейінгі кез,
заман қатал,
"Дос" та көп арызыңды арандатар.
Жақының жазған жалған көрсетінді
Жауыңның сойылынан жаман батар.

Тергеу, сот, көре жүріп бар азапты,
Халықтан жинап еді қаражатты.
Бір мешіт салдыруға рұхсат болмай,
Көңілін мүміндердің нала жапты.

Бір атар әділеттің жарық таңы,
Айкең соған сеніп қамықпады.
Жиналған бар ақшаны келісіммен
Үйіне балалардың бағыттады.

Осы ерлік ұрпаққа енді аңыз бүгін,
(Жолы да әркез ауыр келер жаны ізгінің).

Құдайсыз қатал қоғам мойытпаған,
Айекең шын берілген нағыз мүмін!

Әуелден бекзат болмыс, дархан адам,
Ел жүгін қиын шақта арқалаған.
Өз үйін намазхана-мешіт қылып,
Жанынан имандылар тарқамаған.

Жалпақ ел құрмет тұтып, аялаған,
Айекең елден барын аямаған.
Ираннан келген бір топ намазхандар,
Сол үйде жұманы оқып, саялаған.

Болса егер мандатына сай ілімі,
Замана бағалар өз лайық ұлын!
Қыдырдай құрмет көрді Аймұхаммед,
Халыққа төге жүріп қайырымын.

Кеудесі алтын қамба, толған ілім,
Оңынан Айекең орнады күн.
Ташкентте Мұфтиаттан рұхсат алып,
Заңменен бекіттірді молдалығын.

Аллаға айта жүріп разылығын,
Бәделмен орындатып қажылығын –
Дос болды діндарлардың бәріменен,
Сыйласып, хат алмасып, жазып ілім.

Сан шәкірт тәлім алып, сағалаған,
Айекең – Алла құлы, адал адам.
Бас мұфти Сәдуақас Ғылмани,
Молдалық еңбегін зор бағалаған.

Қудалау, аңду, сүргін басылған соң,
қатердің қара бұлты ашылған соң.
Басына Ер-Үмбетей белгі қойды,
Қастерлеп, дәл бір жарым ғасырдан соң.

Өркендеп бала-шаға, немересі,
Кеңінен жайылды елге керегесі.
Кемді күн көрген бейнет ұмытылды,
"Сары алтын – сабыр түбі" деген осы.

Жасында көрсе-дағы қанша нәубет,
Жақсы күн туды ақыры, аңсаған көп.
Тар жолдан таймай өткен тарланбоздың,
Тыңдады ел уағыздарын тамсана кеп.

Сый көріп Қостанайдың қаласында,
Жеткізіп туған-туыс, баласын да.
84 жасқа келіп дүние салды,
Армансыз ағайынның арасында.

Өмірдің мұздай еріп көп шемені,
Уақыт өзі барын екшеді енді:
Деуші еді, дін ислам тамыр жайса
жалғыз-ақ атамыздың көксегені.

Жазықсыз жұтса-дағы көп ұлдарды,
Қара бұлт жаппас елдің көгін мәңгі.
Азат ел Қазақстан, ата дінмен,
Қауышып ел арманы орындалды!

Бүгінде Қостанайдың қаласында,
Мешіт бар атында оның, нанасың ба?!
Мәңгілік құрметке ие – Аймағанбет
Жеңіске жеткен ӘМІР – дара сында!

Тарихқа жазылды енді аты мәңгі,
Ұрпақтан мәңгі өлмеске пәтуа алды.
Бір мешіт ашсам деумен өтіп еді,
Бүгінде бір мешіттің атын алды!

Бекзаттан, – дейді, қазақ,
– белгі қалар,
Ерені ескерілсе ел қуанар.
Ардақты Аймағанбет Спанұлы,
Бағаңыз құрмет, тағзым ендігі алар!

Азанмен атады енді таң да күліп,
Елім бар бағдары айқын, арманы нық!
Безбені уақыттың көрсетті өзі
Рахымды,
Алла – әділ,
Алла ұлық!!!

Абылай МАУДАНОВ.

● ПРОЗА

Біздің өңірге үлкен кісінің өзі келетін болды. Ол кісінің алдында қысқа да нұсқа, мағыналы сөйлей алатын адам керек. Өңірдің басшысы "бір сөйлесе осы сөйлер" деген кішігірім қызметкерлердің бәрін тізіп қойып сөйлетіп шықты. Ешкім көңілінен шықпады. "Айналайындар-ау, дайын мәтінді оқи алмайсыңдар ма?... не деген сұмдық... мұнымен қайтып ел боласыңдар?" Басшы бұрқан-талқан болды. Менің кезегім келгенде мен айттым: "Басеке... не әлгі... мен жаттанды сөзге жоқ едім... өз сөзіммен айтып көруге болмас па екен?" Басшының сөйлеуге халі жоқ, алдымен қабағын түйді, сонсоң бетін тыржитты, ақыры көзін жұмды да "гәпір" дегенді білдіріп басын изей салды. Мен бастап кеп кеттім: "Аса құрметті Асқартау Биқтауұлы! Мен шағын елді мекендегі, шағын ғана мекеменің шағын қызметкерімін... Біздің мекемеміз өзі шағын болғанымен ондағы тындырылып жатқан істер аз емес. Біздер келешекке Өзіңіздің сызып берген сара жолыңызбен қарыштай қадам басып бара жатырмыз. Сіздің көмеңгер басқаруыңыздың арқасында данышпан идеяларыңызбен мұздай қаруланға біздер..." Сілтедім. Ел аузын ашып, көзін жұмып ұйып қапты. Бастықтың көзі үлкелей, құлағы жыбырлап қоя берді. Сосын былай аяқтадым: "Сізге ақындар түн ұйқысын төрт бөліп қанша поэма, дастандарын арнаса да, жазушылар таңды-таңға ұрып Сіздің жарқын образыңызды сомдаса да, журналист ағайын сөздің сөлін ағызып мадақтаса да, ғалымдар Сіздің ғұламалығыңызға теңеу таба алмай бастары қатса да, Сіздің шын мәніндегі Орасан зор еңбегіңізді толық бағалау мүмкін емес... Біздің ауылдың еңбектеген баласынан, еңкейген қартына дейін Сізге шексіз риза. Менің ауылдастарым осы ризашылық сезімімізді жеткізуге мені әдейі жіберген еді. Көрші кемпір намаз оқыған сайын Алладан Сізге ұзақ ғұмыр тілейтінін жеткіз деп еді Сізге".

Ду қол шапалақ. "Болды", деді басшың қолын жоғары көтеріп. Көзі күлімдеп, арқасынан ауыр жүк түскенін жасырған жоқ. "Енді дайындаңдар, әлі бір айдай уақыт бар, ол жерде уақыт шектеулі... азғантай мәтінге үлкен ойды сғызу керек, – деді бірінші замана қарап, – қате кетпесін, өзің тікелей бақылауыңа ал. Сосын әлгі намаз туралы жерді ойластырыңдаршы, артықтау емес пе?.. Бір сөзбен айтқанда, бәрі ойдағыдай болатын болсын..." Бопты.

Сосын басталды дейсің, күніне әкі рет түске дейін екі сағат, түстен кейін екі сағат... репетиция... Менімен бірге қол шапалақтайтындар, өтірік күлетіндер де күнде келеді.

Бір апта қалғанда алдымен реттеуші, сосын нұсқаушы,

одан кейін зам, замдардың замдары... тағысын тағылар бірінен соң бірі келіп тыңдай бастады. Әрқайсысы менің сөзімнен бірдеңе тапқысы келеді... "Бірдеңе жетпейтін сияқты" деп басын шайқады ең кішкентай зам өзінен жоғарырақ замға қарап. Анау қабағын түйіп басын шайқап қояды да, "иә бірдеңе жетпейді" дейді сосын ойлы

ит білсін, бір режиссерді алып келді. Менікі дайын, шыртықпидан оятып алып сұраса екі жерде екінің төрт екеніндей жатқа соғам... Сайрадым да бердім. Режиссер мені мұқият тыңдады, басын шайқап күліп қойды... Сосын тосын сұрақ қойды: "Сіз кімнің алдында сөйлейін деп тұрғаныңызды білмейсіз бе?" "Білем". "Жоқ, білмейсіз... бол-

Түкшықпасты ойлаймын... "Дубль екі, кадр жиырма төрт. Начали" деп айғайлайды режиссер. "О Түке, а-ссс – салауу-мағаләйкүм", – деймін патшағар сараңдығы ұстап бермей қала ма деп. "Тфу-у, – дейді күйіп кеткен режиссер... – какая бездарность..." Осының бәрін біздің бастық, біздің бастықтың бастығы, біздің бастықтың бастығының бастығы, аймақтың түрлі лауазымдағы, түрлі деңгейдегі бастықтары мен бастықсымақтары бір кісідей тамашалап тұрады...

Ақыр аяғында режиссердің менен нені талап етіп тұрғанын түсінем. Түсінем де Түкең мен Асекеңді бір образға біріктірем. Көзімді жұмам Түкең, көзімді ашам Асекең... Жұмам-ашам, жұмам-ашам... жұма беріп ашам... аша беріп жұмам... Енді деп ойлаймын, Түкеңді ұмытып тура Асекеңнің өзінен бірдеңе, айталық лауазым, атақ, қызмет сұрау керек... Міне осы рөлді ойнап шығу керек... Сосын кішке-

маса Сіз ол кісіні не жақсы көрмейсіз, немесе сыйламайсыз". "Сіз өйтіп жала жаппаңыз маған, – дедім мен күйіп кетіп, – мен ол кісіні жаныммен айтатын болдым... олар келеді, мен бастай жөнелем: "Аса құрметті Асқартау Биқтауұлы... мен шағын ауылдағы қарапайым..." Бәрі тыңдайды, "н-н-да, – дейді, – бәрі дұрыс, бірақ вот... что-то бірдеңе жетпейтін сияқты..." Бір бастық айтты: "мүмкін үтір жетпейтін шығар". "Қандай үтір?" "Мүмкін бір жерге пауза жасамағасын бірдеңе жетпей жасанды болып тұрған шығар". Сосын былай дейді: "осының жазбаша түрін алып әдебиетшілерге көрсетіңіздерші, қалып қойған үтір жоқ па екен тексерсін..." Ертеңіне мәтіннің түрлі түрлі жеріне үтір қойып әкепті, "енді осы жерлерге пауза жасап оқыңызшы" дейді нұсқаушы. "Қай жерлерге?" "Үтір тұрған жерлерге". Бірінші мәтінді оқып едім ол былай болып шықты: "Аса құрметті (осы жерде ұзақ пауза жасап дем алам). "Неменеге әрі қарай оқымайсың? – деп баж ете қалды біреуі. "Үтір" деймін мен аспай-саспай. "Болмайды, болмайды..." "құрметтіден" кейін үтір дұрыс емес. Екінші вариантты көрейік" – дейді. Оқимын. "Аса". Осыны айтам да тағы ұзақ пауза жасаймын. Менің паузам бітпей жатып тыңдармандарымның бірі шошып кетті... "Болмайды, болмайды..." Қысқасы не керек әр сөз сайын үтірге дем алып отырып барлық нұсқаны көріп шықтық. Әбден тытықтаған болу керек бір зам "Мүмкін осы мәселе үтірде емес шығар" – деді шаршаған кеміппен...

Қысқасы әркім ойына не келсе соны айта салатын болды. "Сіз құдалыққа келіп тос сөйлеп тұрған адамша талтайып тұратыныңыз не" деп соқты бірі есінеп тұрып...

Межелі уақытқа үш күн қалғанда кинодан ба, қуыршақ театрынан ба, қайдан екенін

не жөткірініп алып образға кіріп өте бір уяң, өте бір сондай жұмсақ та жағымды дауыспен (түрім боса болмаса келіп тұр ғой) екі сөздің біріне Сіздің көмеңгерлігіңіз бен көрегендігіңіздің арқасында дегенді араластыра отырып бастап кеп кетем...

"Қалай?" – дейді режиссер, өзіне-өзі ырза болған кейіпте қымбат қара пиджагы қара терге малынып қасындағыларға. "Тамаша", – деп уралай қол соғады бәрі мына тегін комедияның көрермендері болғанына мәз болып. "Дегенмен, әлі болған жоқ, енді қолы қалды", – дейді режиссер менің қолыма қарап тұрып... "Е, Жаратқан ием, – деп көкке қараймын, – Алла тағалам-ау, соншама не жазып ем, осынша тозақтың отына шыжғыратындай...". "Екі қолыңызды бер-керге ербөңдете бересіз, бұл Үлкен кісінің алдында үлкен әдепсіздік, – дейді режиссер енді қолға көшудің қамына кірісіп. Түсір, қолыңызды... түсір деймін..." Мен қолымды түсірем де байқаусызда тағы көтеріп қалармын деп екеуін айқастырып бірін біріне ұстаып қоям... "Ойбай-ау, қос қолдап қай жеріңізді ұстап тұрсыз өзіңіз, оныңыз тура бір қашып кететіндей", дейді сосын режиссерім баж-бұж етіп. "Да-да, что-то маған тоже ұнамай тұр осының қолы" дейді, менің бастығымның бастығы режиссерді қосшап...

Дәл ертең келеді деген күні хабар жетті. Ол кісінің жоспары өзгеріп кетіпті, шамамен бірер айдасын, яғни күзге салым келеді-мыс. "Как раз дайындалуға уақыт жеткілікті, – дейді бастық тағы да біраз уақыт барына қуанып, – дайындықты үзбөңдер... үдетіндер... ертеңнен бастап жаңа қарқынмен, жаңа леппен кірісу керек", – деп қосып қояды сосын.

Мен ғұмырымда бірінші рет сөз сөйлеуді үйренген күнге лаңнет айттым...

Әбүтәліп ӘМІР.
Қостанай қаласы.

● ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ

Екшеп қарайық

Тілдер туралы даулар біздің қоғамымызды жер қатынастары туралы даулардан кем жаңғыртып жатқан жоқ. Бұл кездейсоқ емес. Бұл жерде тек білім саласы жайлы емес, миллиондаған азаматтардың тағдыры туралы сөз қозғалып отыр. Бірден айтайын, мен, әрине, тілдерді оқып үйренуді жақтаймын.

Бірақ бұл ретте, бастауыш сыныптарда балаларға үйреншікті пән бойынша оқыту тілінде сабақ жүргізу ақылға қонымды деп есептеймін. Ал әрі қарай көптеген сұрақтар туындайды. Оның ішінде көбі тікелей әдістер мен ойлардың көлеміне байланысты. Ағылшын тілінің маңыздылығы ешбір жағдайда еліміздің дамуына және оның келешегі үшін талқыға салынбайды. Дегенмен, менің ойымша, басты бөгет – сонау өзім мектепте оқыған кезден бері көптеген перспективалық ойлар құрылған болатын. Мысалы, мектептерде өндірістік оқыту элементтерімен 11-жылдыққа енгізу, бұл – эксперименттен жалпылыққа көшу. Шектелген ауқымда қандай іс болса да, жақсы, жаман, тіпті ерекше жоғары нәтиже берсе де, жалпылама жағдайда, әсіресе асығыс мәжбүрлеу жағдайында басқаша нәтиже көрсетуі мүмкін. Оның үстіне, қазақстандық мектептерде үштілді білім беруді дамыту дарынды балаларға арналған 30 эксперименттік мектептер, 20 Назарбаев Интеллектуалды мектептері мен қазақ-түрік лицейлер тәжірибесі бойынша жүзеге асырылатын болады. Неге эксперименттер тек дарынды балаларға арналған мектептерде ғана? Қазақстанда көптеген орта мектеп оқушыларына бағытталған жалпы білім беру мектептері бар. Ал жекелеген оқыту мен ауылдық мектептер ше? Ұлттық білім беру жүйесінде жалпы орта білім ұйымдарының 44% үлесін құрап отырған

шағын жинақталған мектептердің жайы қалай болмақ? Осы мектептерде енгізілгелі отырған жаңалықтар эксперимент түрінде жүргізілді ме?

Айтпақшы, 2000-жылдардың ортасында физика және математика пәндерін ағылшын тілінде оқыта бастаған кейбір мектептерде жасалған эксперимент не болды? Әлі есімде, сол кездері педагогикалық қызметімді жүзеге асырып жүрген Қостанай қазақ-түрік лицейінде осы экспериментті жүзеге асыру үшін апта сайын физика және математика мұғалімдерін айқаймен Қостанай қаласының № 9 ОМ және Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балалар мектебіне жіберетін. Сонда осы эксперимент тоқтап қалмап па еді? Қандай себеппен? Неліктен? Осы сұраққа жауап берілді ме?

Егжей-тегжейін түсіндіру үшін былай айтуға болады: спортта болашақ чемпиондарды бейінді дайындайды, ал дене шынықтыру сабақтарында тек белгілі бір ортаны қамтиды. Тілдік даярлығы туралы да дәл осылай айтуға болады. Жалпы тілдік деңгейді арттыру бір бөлек, тілді кәсіби пайдалану басқа.

Тағы да ерекше күтпейтін кедергілерді де ескеру қажет. Тар шеңберлі мамандарға (мысалы, дәрігерлер, технологтар және т. б.) ғылыми жаңалықтарды ағылшынша оқу өте қажет. Бірақ ғылыми тіл – бұл басқаша, ол көшеде пайдаланатын тіл емес. Сондықтан өз бетінше жалпы тілдік дайындау кәсіби салаларда, олимпиада спортшыларын таңғы жаттығуға дайындағаннан асып түспейді. Сол үшін мамандарды нақты міндеттерді түсіне отырып, арнайы дайындау қажет.

Тілдік ортадағы проблемаларды әлі ешкім тоқтатқан жоқ. Неге миллиондаған қазақтар орыс тілін керемет меңгеріп алды? Өйткені, ондаған

жылдар бойы мыңдаған орыстілділермен іргелес өмір сүрдік, еңбек еттік, араластық. Міне, сондықтан қазақстандықтар жаппай ағылшынша меңгеріп алу үшін сол деңгейде тілдік орта, күнделікті байланыс қажет, кем дегенде, жүз мыңдаған ағылшынша сөйлейтіндермен тілдік қарым-қатынаста болуы тиіс. Тек екі жол бар: Қазақстан аумағынан уақытша тыс шығу (бұл керемет нәтиже берері сөзсіз, бірақ жаппай болуы мүмкін емес) немесе осы жерге бір кездері адамдар тың игеруге келгендей, осындай көлемде ағылшын тілдіктерді тарту. Бірақ бұл арман.

Ал бүгін отандық білім беру жүйесі осындай түбегейлі реформаларға дайын ба? Жаппай үштілді білім беруді енгізу бойынша жоспарлар қаншалықты шынайы? Қандай тәуекелдерге бел буып отырмыз?

Үштілді білім беруді енгізуге мұндай қатаң мерзімдер белгілеу, жеделдету үдерістері қаншалықты қажет?

Әрине, ғылыми-техникалық үдерістің өз қарқыны тиісті ұтқырлықты талап ете отырып, жеделдетілген. Бүгінгі күні мамандардың саны жеткіліксіз және барлық қазақстандық мектептерде ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық жағдайлары қалыптаспаған, бірақ ойлап қарасақ, біз бұл жаңалықты бүгін және ертең енгізе салмаймыз.

Алайда, оның қиыншылығының көп болатындығы мен өзгерістердің табанды дайындықты қажет етері сөзсіз.

Гүлвира МҰСАБЕКОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ проректоры, облыстық "Нұр Отан" ҰДП филиалының саяси және Арқалық қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі.

● ДІНІҢ – ДІНГЕГІҢ



Құрбандық еті үлестірілді

Қостанайда Құрбан айт мерекесінде ашылған Аймағанбет қажы Спанұлы мешітінде қайырымдылық шаралары басталып кетті.

Мәселен, айттың алғашқы екі күнінде құрбандыққа мал шалған кісілердің тілегі ескеріліп, сойылған малдың үштен бір бөлігі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тапсырмасы негізінде Қостанай қалалық әкімдігі халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұсынған тізім бойынша, Бақытбек Нұрғабилұлының басшылығымен мүгедектерге, күнкөрісі төмен, көпбалалы отбасыларына таратып берді.

Әкіл имам ризашылығын білдіріп, алғыстарын жаудырған азаматтарға Құрбан айттың өзіне төн ерекшеліктерін түсіндірді. Сөйтіп, Құрбан айт кезінде барша дін жолында жүрген азаматтар да, көмекке мұқтаж жандар да үлкен қуанышқа бөленді.

Сонымен қатар кейбір жүріп тұруы қиын кісілердің үйіне жеткізілу жағы да қарастырылған.

ҚМДБ-ның Қостанай облысындағы өкілдігінің баспасөз қызметі.

Құрбан айтты кең көлемде атап өтті

Руслан ӘЛКЕЕВ

Құрбан айт – Ислам дініндегі ең маңызды мейрамның бірі. Айтулы мерекені сарыкөлдік мұсылмандар да кең көлемде атап өтті.

Айттың алғашқы күні тұрғындар "Аққозы қажы" аудандық орталық мешітіне айт намазына жиналды. Аудан әкімі Эльдар Күзенбаевтің құттықтауын оның орынбасары Елжан Тұрабеков жеткізді. Сондай-ақ, бас имам Дәулетбай қажы Әбдіхалық та қауымды құтты мерекемен құттықтады.

Бас имамның берген мәліметіне сүйенсек, Құрбан айт күндері АІБ 5 отбасыға, әкімшілік пен құқық қорғау органдарының өкілдері және мешіт 65 отбасыға, барлығы 402 келі ет үлестірілді.

Жалпы, қасиетті мерекеде құрбандыққа мал шалынып, мол дастархан жайылды. Жұрт бір-біріне қонаққа барып, осындай мейрамға жеткізген Аллаға ризашылығын білдіреді.

Сарыкөл ауданы.

● СПОРТ

Ұлық мейрамдағы ұлттық ойындар

Құрбан айт мерекесіне орай аудан әкімінің мұрындық болуымен ұлттық спорт түрлерінен өңірлік турнир өтті. Балалар және жасөспірімдер спорт мектебі мен Сарыкөл орта мектебінде жалауын түрген жарысқа аудан және ауылдардың спортшылары қатысты.

Қазақ күресіне 1998 жылы туылғандар мен одан кішілер, ал тоғызқұмалақ пен асық атуға 2001 жылғы және одан үлкендер қатысты. Нәтижесінде, қазақ күресінен соналылық Ш.Қапышев абсолюттік чемпион атанды. Сондай-ақ, 1-орындарды Д.Қарамолдин (40 келі), Ю.Каримов (45 келі), К.Кравцов (50 келі), Е.Молдахметов (55 келі), А.Муратов (60 келі), Б.Жумаев (66 келі) бағындырды. Ал, тоғызқұмалақтан қыздар арасында I орынды Ш.Ахметқаримова, II орынды А.Усипбаева, III орынды А.Артемчук алды. Ал, ұлдар бойынша 1-орынды Ә.Зайкенов, 2-орынды Н.Шынуар, 3-орынды В.Мартыненко еншіледі. Сондай-ақ, асық ату бойынша 1-орынды В.Головков, 2-орынды А.Вейгель, 3-орынды Б.Жаңатілек өзара бөлісті.

Сарыкөл ауданы.

● ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ

Бір көшеде 37 қате

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Ана тіліміздің биік мінберлер мен үлкен жиындарда есіктен сығалап, "өгей баланың" күйін кешіп жүргені аздай, көшелердегі мекемелердің маңдайшалары, көше атаулары мен жарнамаларда да ана тіліміздің "сақау тілге" айналып жүргені жасырын емес. Дәл жанында орыс тілінде қатесіз, анық, дәл аудармасымен берілген сөздің қазақ тіліне көлгенде ақсап шыға келетіні түсініксіз. Осы олқылықпен күресу мақсатында Рудный қалалық Тілдерді оқыту орталығының мамандары көшелердегі жарнамаларға рейд жүргізді.

Қазақстан Республикасының "Тіл туралы" Заңының 19-21 баптарына сәйкес, көшедегі көрнекі ақпараттар мен жарнамаларда қазақ тіліндегі мәтін жоғарыда, орыс тіліндегі мәтін төменде орналасуы керек. Бірақ іс жүзінде барлығы керісінше екен. Қазақ және орыс тілдерінде қатар берілуі керек кейбір



жарнамаларда қазақ тілі мүлдем ұмытылыпты. Көз сүрінтерлік грамматикалық қателер де көшенің әр бұрышында "мен мұңдалап" тұр. Әрине, бір ғана рейдпен түгел қаланы аралап шығу мүмкін емес. Дегенмен бір ғана шағын ауданның өзінен мамандар 37 қате тапқан.


Біздің мақсатымыз – біреуді жазалау, үркітіп, қорқыту емес, басқалардың көрнекі ақпаратты, жарнаманы дұрыс жазуына көмектесу, ескерту бере отырып дұрыстату, неліктен осындай қателер кетіп жатқанының астарына үңілу. Барлық жауапкершілікті жарнамалық агенттіктерге ысырып тастауға болмайды. Мәтінді "Гуглдан" аударса салмай, оны тіл маманына немесе біздің орталыққа тексертіңіз. Сонда ғана ісіміз алға басады. Тіліміздің мәртебесі артады, – дейді Тілдерді оқыту орталығының жетекшісі Жанна Жаңбыршина.

Тексеріс қорытындысы бойынша тіл сақшылары "Ономастика туралы" Заңға сүйене отырып қатесі бар ақпараттардың иелеріне ескерту жасады. Бүгінгі өзінде "Айсұлу", "Юнивел" дүкендері мен "Magic Lamp" туристік агенттігі сол қателерді түзетіп, азаматтық таныты. Енді мамандардың ескертуіне құлақ аспаған қалған кәсіпкерлерге 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынуы мүмкін.

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Қылмыстық құқық бұзу картасы ӘР ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Облыстың ішкі істер департаментінде ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнаулы есептер бойынша Комитетінің төрағасы Сәуле Айтпаева азаматтарды қабылдап, жергілікті полиция қызметінің жұмысымен танысты.



Маңызды мәселелердің бірі – Ұлт жоспарының 32-қадамын, яғни "Қылмыстық құқық бұзу картасы" ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде "Қылмыстық құқық бұзу картасы" интернет-порталын құру. Ұлт жоспарында айтылғанындай, бұл қоғамға ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді. Карта онлайн тәртіпте облыс орталығында, Арқалық, Рудный, Лисаков және Жітіқара қалаларында жұмыс істеуде. Жыл соңына дейін жоба облыстың барлық елді мекендерінде іске қосылады. Карта тілек білдіргендердің барлығына ғаламтор арқылы елді мекеннің картасында қылмыстылық туралы мәліметтермен танысуға, сондай-ақ қылмыс көп тіркелетін учаскелерді көруге мүмкіндік береді. Мысалы, облыс орталығында картаға сәйкес қылмыстың мүлдіктік түрлері алаңдаушылық тудырады.

ОИД бастығының орынбасары полиция полковнигі Е.Файзуллиннің айтуынша, жергілікті полицияның қажырлы еңбегінің нәтижесінде өңірде қоғамдық орындар мен көшелердегі қылмыстардың саны азайған. Көше қылмыстарының құрылымында денсаулыққа аса ауыр зиян келтіру 19 пайызға, бұзақылық 42 пайызға, көлік құралдарын айдап кету 50 пайызға кеміген. Жасөспірімдер қылмыстылығы, сондай-ақ тұрмыстық қылмыс көрсеткіштері бұрынғыдан айтарлықтай төмендеген. Облыс жолдарында алдын алу жұмысының арқасында жол-көлік оқиғаларының саны шамамен үш есеге азайған. Апаттарда қаза тапқандар мен жарақаттанғандар саны да жартысына қысқарды. Өңірдегі қылмыстық жағдай жасалатын қылмыстарға тұрақты түрде талдау жасау арқылы бақылауға алынған, жергілікті полиция қызметінің күші соған орай орналастырылады.



32-қадам. "Қылмыстық құқық бұзу картасы" ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде "ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУ КАРТАСЫ" интернет-порталын құру. Бұл картада елімізде 1 аптадан әрі кетпейтін мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылық тіркелетін болады. Бұл ҚОҒАМҒА ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "100 нақты қадам" Ұлт жоспарынан.

3 класты мемлекеттік әділет кешесі С.Айтпаева тәртіп сақшыларымен кездесу кезінде жергілікті полиция қызметі жұмысын бағалаудың негізгі өлшемі – азаматтардың сенімі екенін атап өтті. Бүгінде облыста 3 мыңдай адамнан құралған 500-ден астам

қоғамдық құрылым бар. Қоғамдық тәртіпті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін 118 қоғамдық көмекші марапатталды.

ОИД бастығы полиция полковнигі Б.Аймағамбетов Бас прокуратура өкілімен көкейтесті мәселелер туралы пікірлесті.



Ескерту баннерлері орнатылды

Облыс жолдарының күрделі учаскелерінде жергілікті полиция қызметі қызметкерлері жол ережесін сақтауға шақырған баннерлерді орнатты.

Баннерлерде жол ережесінің көлікті мас күйінде жүргізу, қозғалыстың қарсы бетіне шығып кету, ұялы телефонмен сөйлесу, жылдамдықты асыру сияқты негізгі түрлері бойынша ақпарат берілген. "Жыл басынан бері облыста 298 жол апаты болды, онда қаза тапқандар саны – 49. Сондай-ақ, 415 адам әртүрлі дене жарақатын алды. Апаттардың негізгі себептері жүргізушілердің мұқият болмауы және ережені бұзуы. Баннерлерді жолдың күрделі, сондай-ақ жол ережесі жиі бұзылатын учаскелерінде жүргізуші-

лердің назарын аудару және тәртіпке шақыру үшін орнаттық", – дейді ОИД жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы А.Бекмағамбетова.

"Тәуекелге бел бума! Басып озба!", "Белдікті тағып ал!", "Жылдамдықты азайт!" деген жазулары бар баннерлер қалаларда, сонымен қатар республикалық маңызы бар жолдарда орнатылды. Тәртіп сақшыларына баннерлерді дайындауға Қостанайдағы "Forte bank" филиалы көмектесті. Бұл мақсатқа 600 мың теңге бөлінді.

● ОҚИҒА

Браконьерлер ұсталды

ОИД полицейлері қылмыстың ізін суытпай аң аулаудан қайтып келе жатқан екі адамды ұстады. Машинадан екі еліктің еті мен қару табылды. Соталды тергеуі басталды.

10 қыркүйек күні Федоров кентіне жақын жерде Қостанай АІІБ табиғат қорғау полициясы тобының қызметкерлері жергілікті полицейлермен бірге рейд жүргізіп, бір машинаны тоқтатқан еді. "LEXSUS LX470" машинасының 46 жастағы жүргізушісі Челябин қаласынан аң аулауға келген екен. Қостанайлық танысымен бірге аң аулап келе жатқан оның көлігінен елік етімен қоса тегіс ұңғылы мылтық пен 50 патрон табылды. Заңсыз аң атқандарға қатысты ҚР Қылмыстық Кодексінің 337 бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Отбасының шырқы бұзылса...

Қостанай қаласы ІІБ полицейлері Отбасы күніне орай "Отбасындағы татулық" акциясын өткізді. Тәртіп сақшылары әртүрлі ұжымдармен кездесіп, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы әңгіме жүргізіп, ақпараттық материалдар таратты. Әсіресе, отбасының берекесін алып, қорғау ұйға-

рымы шығарылған және мінез-құлқына ерекше талап қойылған адамдардың белгіленген шектеулерді сақтауына ерекше назар аударылды. Сондай-ақ, отбасында құқық бұзуға бейім тұлғалар мен қолайсыз отбасылармен жұмыс жүргізілді.

Атап өтерлік бір жай, жыл басынан бері Қостанай қаласын-

да әйелдерге қатысты жасалған 568 қылмыс тіркелген. 1450 қорғау ұйғарымы шығарылған.

Қостанай қаласы ішкі істер бөлімінің қызметкерлері отбасында зорлық-зомбылық көрген әйелдерге дағдарыс орталығының көмегіне жүгіну қажеттігін ескертеді. Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен ба-

лаларға арналған орталықтың байланыс телефоны мынадай: 8(7142) 22-65-32. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі топтардың телефонда-

ры: 8(7142) 56-62-98 (облыстың ішкі істер департаменті), 8(7142) 52-68-19, 54-04-07 (Қостанай қаласының ішкі істер басқармасы) және 102.

ОИД баспасөз қызметінің материалдары бойынша дайындаған М.ҚАБДРАХМЕТОВА.

● ЖАНАЙҚАЙ

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Гүлжауһар Сұлтанбекқызы Торғайдың тумасы. Жасы 39-да. Ерте тұрмыс құрып, 2007 жылы Рудный қаласына қоныс аударған. Бірақ жас отбасының бұл қуанышы ұзаққа созылмайды. Отағасы Қуандық төсек тартып, ауыр сырқаттан көз жұмады. "Жығылғанның үстіне жұдырық" демекші, кейіпкеріміздің мұңы мұнымен таусылмады. 2014 жылы Ерасыл атты ұлын автобус қағып өлтіреді. Сот белгіленбеген жерде жолды кесіп өткен марқұмның өзін кінәлі деп танып, көлік жүргізушісі барлық әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатады. Қайғыдан қан жұтқан анадан олар өтемақы төлеу түгілі, кешірім де сұрамайды. Осылайша қаншама қасірет көрсе де, Гүлжауһар апайдың тауы шағылып, жігері жасыған жоқ. Қайта балаларының болашағы үшін өмірмен әрі қарай арпалысты. Пәтерден-пәтерге көшіп жүріп 7 баласын жалғыз өзі өсіп жетілдірді.

Бүгінде баласының ең үлкені

Батыр ана көмекке зәру

"Алтын алқа" иегері Гүлжауһар Қасымкенова 7 баласымен Рудныйға сыймай жүр. Осыдан 10 жыл бұрын кеншілер қаласына көшіп келген көпбалалы жалғызбасты ана бүгінде бас сауғалап барар жері жоқ. 8 адамнан тұратын жанұяға ешкім пәтерін жалға бергісі келмейді. Бергеннің өзінде 1-2 айдан кейін пәтерді босатуын талап етеді. "Жеті балламмен далада қалатын болдым", — деп шырылдаған ананың мұңын біз де тыңдап қайтқан

тарды төлеу үшін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді" делінген. Бірақ биліктегілер баспана, бірінші кезекте, ҰОС ардагерлері мен жетімдер үйінің тәрбиеленушілеріне берілетіндігін алға тартады. Ал үй кезегінде тұрған жетім балалардың саны мыңнан асып жығылатын көрінеді.

Қазақ жетімін жылатпаған,

Мұса — Арқалықтағы пединституттың студенті. Қалғаны колледж бен мектептерде білім алып жатыр. Ал ең кішкентай Назымның жасы 2-ден енді ғана асты. Әншейінде 1-2 баланы көпсінетін кейбір отбасылар үшін 7 баланы бағып-қағу ерлікпен тең екені сөзсіз.

— "Алтын алқаны" қосқанда 50 мың теңге көлемінде әлеуметтік жәрдемақы аламын. Оның 30-40 мыңы пәтерақы мен коммуналдық төлемдерге кетеді. Сондықтан өлместің күнін көріп отырмыз. Түсімдегі, өңімдегі басты арманым — баспана. Биліктен, жомарт азаматтардан кең сарайдай үй сұрамаймын, 1 бөлмелік жатақхана болса да, ризамыз. Себебі, бір жерден екінші жерге балашағамен көшіп жүру, көршілерімнің көп балаға ала көзбен қарауы жүйкемді шаршатты, — дейді ашынған ана.

Гүлжауһар апай қазір 429-шы болып тұрғын үй кезегінде тұр. Айтуынша, бірнеше рет пәтер сұрап әкімдікке барған. Бірақ та



нәтиже жоқ. "ҚР Мемлекеттік наградалары туралы" заңының 36-бабында "Алтын алқа" иегерлері белгіленген нормалар бойынша тұрғын үй алаңымен бірінші кезекте қамтамасыз етіледі. Отбасы мүшелерімен бірге тұрғын жайды ұстап-күтуге, сондай-ақ коммуналдық қызметке шығыс-

жесірін қаңғытпаған ел емес пе? "Көп түкірсе көл болады" демекші, алтыннан алқа таққан анаға қолында мүмкіндігі бар азаматтар қол ұшын созады деген үміттеміз. Гүлжауһар Қасымкенованың байланыс телефоны: 8775 504 26 94, 8 (71431) 4-40-75. Отбасы кез келген көмекке зәру.

● ТАРИХ

Киелі мекен — Ханжатқан

Ханжатқан — Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Құсмұрын көлінің оңтүстік батыс ойпаңындағы бұрынғы елді мекеннің атауы. Мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, саясатшы, қазақ халқының 1837 - 1847 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының соңғы ханы (1841 - 1847 ж.ж.) Кенесары Қасымұлының осы жерде әскерімен тұрған кезеңдеріне байланысты болғанын тарихи деректерден, тұрғындардан білдім. Құсмұрын, Киров, Ключевой, Дүзбай, Харьков, Черниговтың кейбір азаматтары осы Ханжатқан ауылының туып өскен ұрпақтары екен.

1825 жылы жас Кенесары ағасы Саржан отряды қатарында болып, дала соғыс әдістерін үйренген. Әкесі Қасым сияқты Кенесары да патша үкіметінің қазақ жеріне бекіністер салуына қарсы шықты. Ол 1826 жылдың 31-ші қаңтары мен 1831 жылдың 18-ші сәуіріндегі патша казактары мен Саржан сұлтанның сарбаздары арасында болған шайқасқа қатысқан. 1832 жылдың 14-ші наурызында Сұлукөл маңында 400 ереуілші Саржан сұлтанның сарбаздарына қосылды. Әскери

өнерді Кенесары осы жерде Саржан сұлтаннан үйренген. 1836 жылдың басында қоқандықтар Кенесарының ағасы Саржан батырды Әулие-Ата (Тараз) жерінде, ал әкесі Қасым төрені Түркістанда болған шайқастарда өлтірген. Бұған дейінгі көтерілістерде Кенесары өзін ержүрек батыр ретінде көрсетсе, осыдан кейін ол көтерілісшілердің көсемі болып, ел тәу-



елсіздігін отаршылдыққа қарсы күрестің басты байрағы еткен. 1837 жылдың соңында



Аманқарағай округінен Кенесары көтерілісіне арғын, қыпшақ, керей руларынан 2000 қазақ қосылған. 1837 жылы патша үкіметі әкімшілігіне жазған хатында Ақмола, Көкшетау бекіністерін салудан бас тартқызуға қарсы наразылық әрекетін: "Ата-бабамыз мұрағат қалдырған — Обаған, Құсмұрын, Тобыл, Аят, Тоғызбақтан Оралға дейінгі жерлерді патша бізден тартып алып, бекіністер салуға халықтың наразылығы күшеюде", — деген. 1837 жылы көктемде ол Қасымовтар әулетін Торғай өзенінің жоғарғы жағына Ұлытау етегіне көшірді. Осы жылдың тамыз айында Ақмола округінің 6 болысынан қазақтар Кенесары туы астына келіп қосылды. Жылдың соңында оларға біздің жердегі керей

және қыпшақ руларының көп бөлігі қосылып, патша үкіметі салған Ақмола бекінісіне шабуыл жасап талқандады. 1838 жылдың күзінде Кенесары бастаған Орта жүз қазақтары Кіші жүздің жеріне, Ырғыз бен Торғай ауданына, Орынбордың шығысына бет алды. Сөйтіп Кенесары 1837-1838 жылдары Орта жүздегі жеке көтеріліс ошақтарын біртұтас қозғалысқа біріктірген қолбасшы болды. 1839-1840 жылдары қазақ көтерілісшілері Есіл өзені бойындағы бекіністерді жиі шабуылдап, Жарғалаң өзені бойына бекініс тұрғызған. 1841 жылы қыркүйекте атамекен ел үшін арыстандай айбат шеккен Кенесары батырды Ұлытауда атабаба салтымен ақ киізге көтеріп "Хан" қылып сайлады. 1842

жылы сәуірде Тобыл өзені бойында хан сарбаздары І Николай император патшаның Кенесарының көзін жою үкімімен жіберілген казактар тобын талқандады. 1844 жылдың 20 тамызында екі мыңдай сарбаз Екатерина станицасы бекіністерін жойған. Келесі жылдың жазында бұлар Адырлы бекінісін басып алып, тұтқындағы әйелі Күнмжанды босатып алған. 1840-1845 жылдардағы көтерілістің бір ерекшелігі — Кенесарының қазақ хандығын қайта құруға ұмтылуы, ең бастысы оның ел тәуелсіздігін сақтап қалу талпынысы сәтті аяқталды. 1846 жылдың маусымында Кенесары хан он мың қолмен қазақтың басын біріктіру үшін туған жерден жасақтарымен Жетісу өңіріне келді. Оның мақсаты — Алатау қырғыздары мен Ұлы жүз қазақтарына қоқандықтар мен казактардан бостандық алып беру. Шу өзені бойында Майлытөбедегі шайқаста қырғыздар он жыл бойы бостандық байрағын биікке көтерген Кенесары ханды қолға түсіріп, азаптап өлтірді. Кенесары өлгенмен, оның ісі өлмек емес. Хан арманы, халық үміті орындалды — Қазақстан тәуелсіздік алды. Кенесарының есімі егемендікке қолы жеткен халықтың жүрегінде мәңгі сақтаулы.

Бакен ҚАЙЫПБАЕВА,
Құсмұрын №28 орта мектебі география пәнінің мұғалімі.
Әуликөл ауданы.

"Қауіпсіз мектеп" акциясына қатысуда

"Қауіпсіз мектеп" Республикалық акциясы аясында Қостанай қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы қызметкерлері облыс орталығы мектептерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін насихаттау жөнінде өткізілген профилактикалық іс-шараларына қатысты. Аталған акция балалар қауіпсіздігіне қатысты ауқымды сұрақтар жиынтығын қамтиды. Оның ішінде өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау, балалардың жолдағы қауіпсіздігі, өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын сақтау. Жаз айларында демалған балалар қауіпсіздік ережелерін ұмытыңқырап қалады. Осыған байланысты қалалық ТЖ басқармасы қызметкерлері көмекке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлармен бірігіп олардың үйде, мектепте және демалыс уақытында өздерін сақ, мұқият ұстау керек екенін естеріне түсірді. Қостанай қаласы ТЖ басқармасы қызметкерлері оқушылар мен олардың ата-аналарына "Баланың отпен ойнауы", "Өрт кезінде балалардың өзін ұстауы", "Үйдегі электр құралдары" тақырыптарына сабақ өткізді. Оларды қызықтырған, сабақ кезінде туындаған барлық сұрақтарға жауап берді. Алған білімдерін одан әрі бекіту үшін, ТЖ қызметкерлері тыңдаушыларға көрнекті материалдар таратты. 1-6 сыныптар арасында "Қауіпсіздік — бала көзімен" атты суреттер конкурсы өтті.

Г.ЖОЛБАРЫСОВА.



19 қыркүйек, дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 М.х. 10.50 Апта. 11.55 Дауа. 12.30 Д.ф. "Болашақ әлем". 13.00 Бірге таңдаймыз! 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.40 Т.х. "Сурайя". 17.30 KAZNEWS. 17.55 Бүгінгі күннің батырлары. 18.05 Мәнін Қазақстаным. 18.35 "Сурайя". 19.30 KAZNEWS. 20.20 "Айтуға оңай...". 21.05 "Айман & Шолпан". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н.Қоянбаев. 23.40 KAZNEWS. 0.25 Спорт.

ХАБАР

7.00 Өмір сабақтары. 7.30 "Сотқа жеткізбей". 8.00 Жаңа күн. 10.10 Т.с. "Осколки". 11.05 "Әр үйдің сыры басқа". 11.40 Т.х. "Қыз жолы". 12.30 Магия кухни. 13.00 Т.с. "Женский детектив". 14.00 Т.с. "И все-таки я люблю". 15.00 Народный контроль. 15.15 Көңіл толқыны. 15.50 Т.х. "Шалғайдағы оқиға". 16.40 Т.х. "Пәленшеевтер". 18.00 Біздің назарда. 18.15 Т.х. "Махаббатым жүрегімде". 19.00 Жаңалықтар. 19.40 Т.х. "Өгей жүрек". 20.25 Бетпе-бет. 20.50 "Истории чемпионов". 21.00 Итоги дня.

20 қыркүйек, сейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.10 М.х. 10.50 "Айман & Шолпан". 11.45 Айтуға оңай... 12.30 "Болашақ әлем". 13.00 Бірге таңдаймыз! 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.40 "Сурайя". 17.30 KAZNEWS. 17.55 Бүгінгі күннің батырлары. 18.05 Табыс сыры. 18.35 "Сурайя". 19.30 KAZNEWS. 20.20 "Айтуға оңай...". 21.05 "Айман & Шолпан". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.40 KAZNEWS. 0.25 "Болашақ әлем". 0.50 Табыс сыры.

ХАБАР

7.00 Өмір сабақтары. 7.30 "Сотқа жеткізбей". 8.00 Жаңа күн. 10.10 "Осколки". 11.05 "Әр үйдің сыры басқа". 11.40 "Өгей жүрек". 12.30 Магия кухни. 13.00 "Женский детектив". 14.00 "И все-таки я люблю". 15.00 Важно знать. 15.15 Көңіл толқыны. 15.45 "Шалғайдағы оқиға". 16.35 "Пәленшеевтер". 17.15 Біздің үй.

21 қыркүйек, сәрсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.10 М.х. 10.50 "Айман & Шолпан". 11.40 "Айтуға оңай...". 12.30 "Болашақ әлем". 13.00 Бірге таңдаймыз! 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.40 "Сурайя". 17.30 KAZNEWS. 17.55 Бүгінгі күннің батырлары. 18.05 Келбет. 18.35 "Сурайя". 19.30 KAZNEWS. 20.20 Сұхбат. 21.05 "Айман & Шолпан". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.40 KAZNEWS. 0.30 "Болашақ әлем". 1.00 Келбет.

ХАБАР

